СЕЙСЕНБІ
№104 (4352)
19.09.2023

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ӘЛЕМДІК ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ БІРЛІГІ АСА МАҢЫЗДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йорк қаласына жұмыс сапары барысында БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі саммитіне қатысты. Мемлекет басшысы Мажарстан Президенті Каталин Новакпен бірге БҰҰ-ның «Орнықты даму мақсаттарына (ОДМ) қол жеткізу жолындағы прогресті жеделдетудің негізгі өтпелі процестеріне қатысты ауқымды іс-қимылдарды жандандыру» атты Көшбасшылар диалогының бірінші сессиясында төрағалық етті.

Мемлекет басшысы өз сөзінде БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі күн тәртібі бүгінгі өскелең ұрпақтың жарқын болашақ құруына берілген бір ғана мүмкіндік екенін атап өтті.

– Геосаяси қақтығыстарға байланысты шиеленісе түскен қазіргі жаһандық сын-қатерлер біздің ұжымдық күш-жігерімізге нұқсан келтіріп отыр. Бұл кедергілерді еңсеруге жекелеген мемлекеттің шамасы жетпейді. Әлемдік қоғамдастықтың бірлігінің арқасында ғана елеулі жетістіктерге қол жеткізе аламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Қазақстан үшін Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу – ұлттық басымдық.

– Орнықты даму қағидаттары біздің негізгі ұлттық стратегияларымыз бен бағдарламаларымыздың өзегіне айналды. Бүгінде орнықты болашаққа белсенді түрде инвестиция құйып отырмыз. Мемлекет бюджетінің 80 пайызы орнықты даму мақсаттарына сай келеді. Біз тегін білім алудың және денсаулық сақтаудың баршаға қолжетімді болуын қамтамасыз етеміз. Жаңа Әлеуметтік кодексте халықтың осал топтарын қорғау шаралары күшейтілді, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, баршаға ортақ орнықты болашаққа қол жеткізу үшін шұғыл түрде бірлескен іс-қимылдар қажет. Осыған байланысты Мемлекет басшысы бірқатар ұсыныс айтты.

– Өзара ынтымақтастықты нығайту үшін аймақтық деңгейде «Біртұтас БҰҰ» қағидатын күшейту қажет. Сондықтан біз Қазақстанда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі Аймақтық хаб құруды ұсынамыз. Ол БҰҰ-ның аймақтағы жобалық қызметін тиімді үйлестіруді қамтамасыз етеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент саммитке қатысушыларға халықаралық қаржы архитектурасына тың серпін беруді ұсынды. Оның айтуынша, ОДМ-ға қол жеткізу үшін қаржы жүйесі таңдаулы ғана елге емес, барлық мемлекетке теңдей ықпал етуі қажет. Экология, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы проблемаларды шешу үшін орасан зор қаржы керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев климат, азықтүлік және энергетика дағдарысы орнықты дамуға айтарлықтай қауіп төндіретініне тоқталды.

– Біз БҰҰ-ның басшылығымен техникалық қолдау, ғылыми зерттеулер және қауіп-қатерлерді бағалау салаларындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға тиіспіз. Орнықты даму саласындағы мақсаттар бәріміз үшін жарқын әлемге жол ашады. Біз бірігуіміз және күш-жігерімізді арттыруымыз қажет. Қазақстан БҰҰ-ның орнықты даму саласындағы тегеурінді әрі тиімді рөлін әрдайым жақтайды, – деді Президент.

Сонымен қатар сессия барысында Мажарстан Президенті Каталин Новак, Хорватия Президенті Зоран Миланович, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, ОАР Президенті Сирил Рамафоса, Аустрия Президенті Александр Ван дер Беллен, Перу Президенті Дина Болуарте, Гайана Президенті Ирфан Али, Микронезия Президенті Уэсли Симина, Солтүстік Македония Президенті Стево Пендаровски, Финляндия Президенті Саули Ниинистё және басқалар сөз сөйледі.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕР СЕРПІНІ

Айта кетейік, Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясы 78-сессиясының аясындағы екіжақты келіссөздер бағдарламасы Мажарстан Президенті Каталин Новакпен кездесуден басталған болатын. Мемлекет басшысы бауырлас халықтар арасында тарихи және мәдени байланыстарға негізделген стратегиялық серіктестік орнағанын атап өтті. Президент Мажарстанның түркі ынтымақтастығын нығайтудағы белсенді ұстанымын және елеулі үлесін жоғары бағалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев биыл қараша айында Қазақстанда Түркі мемлекеттері ұйымының мерейтойлық 10-саммиті өтетінін айтып, аталған жиынға Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан қатысады деп жоспарланып отырғанын жеткізді.

– Еліміздің Мажарстанмен тығыз ынтымақтастық орнатқанын атап өткім келеді. Елдеріміз арасында өте сенімді, дәстүрлі байланыс қалыптасқан. Біз екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі деңгейін жоғары бағалаймыз. Осы сәтті пайдаланып, Сізді Қазақстанға сапармен келуге шақырамын. Сонымен қатар Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде Премьер-министр Виктор Орбан мырзамен кездесеміз деп үміттенемін, – деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

Сіз не дейсіз?

Ерлан Әбдиев, Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

ДЕМОКРАТИЯ ӨҢІРЛЕРДІ ӨРКЕНДЕТУГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТПЕК

«Мықты өңірлер – экономиканың драйвері». Бұл тәмсіл қызыл сөз үшін ғана айтылмауы тиіс. Олай болса, ауыл, аудан, қала тынысын аша түсетін тың қадамдарды батыл жүзеге асыра беру қажет. Осы орайда Мәжіліс депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Ерлан Әбдиевтің пікірін білген едік.

(Жалғасы 3-бетте)

ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНАДА ДАҒДАРЫС КҮШЕЙДІ

Медицина қызметкерлерінің көңіл күйі түсіңкі, рухы жаншылған. Екі айдан бері жалақы алмағаны бар. Тіпті, емханалар тонометр мен термометр сатып алуға медперсоналдан ақша жинаған. Бірқатар аурухана штатты қысқартты. Коммуналдық қызмет ақысын кешіктірдің деп монополистер жылу мен судан ажыратып тастайтынын ескертіп, қорқытып жатыр... Бұл – 90-жылдардағы тоқыраудың әңгімесі емес, бүгінгі жағдай. Үкімет емханалар мен ауруханалардың кредиторлық берешегі мәселесін қалай шешпек?

Сарапшылардың айтуынша, денсаулық сақтау жүйесінде жүйелі дағдарыс басталды. Медициналық ұйымдар бір-біріне және өзге өнім мен қызмет жеткізушілерге 100 млрд теңгеге жуық қарыз болып қалды. Алапат берешектің басым бөлігі коммерциялық клиникаларға емес, мемлекеттік емханалар мен ауруханаларға тиесілі.

Қамырдай күмпиіп, барған сайын ұлғайған қарызды азайту үшін төтенше шаралар қабылданып жатыр. Медициналық ұйымдар ең маңызды дүниелерден де үнем қылуға мәжбүр: қызметкерлердің жалақысы кемітілген, сыйақылар беру доғарылған, сырқаттарды емдеуге қажетті жабдықтарды, дәрі-дәрмекті сатып алу тоқтатылған. Жоспарлы, тіпті шұғыл операциялар кейінге шегерілуде.

(Жалғасы 4-бетте)

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ ҚАЙТСЕ ДАМИДЫ?

Соңғы жылдары мемлекет тарапынан ғылымға ерекше қолдау көрсетіліп келеді. Енді ғылыми жобаларды қаржыландыру қолға алынып, жыл сайын жас ғалымдарға 50 ғылыми стипендия берілетін болды. Жалпы, отандық ғалымдардың жобалары қай салаларда қолданысқа енгізіліп жатыр? Қазақ ғылымының ертеңінен күтер үміт қандай?

5 ▸▸

УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦЕЙДІҢ БІР КҮНІ

Кейінгі жылдары заңгерлер мен құқық қорғаушылар түрмедегілердің санын азайту туралы жиі мәселе көтеріп келеді. Мамандардың ұсынысына келгенде қоғамның пікірі екіге жарылады. Бірі – абайсызда жасалған қылмыс үшін темір торға тоғыта бергенше, бостандықта жүріп қателіктен сабақ алғанын құп көреді. Екіншілері – түрмедегілерді қолдан азайтып, қылмыскерге жеңілдік жасалса, жәбірленушінің құқығын аяққа таптаумен бірдей дегенді алға тартады.

6 ▸▸

МОНОҚАЛА: ҮМІТ ШАМЫ ҚАЙТА ЖАНДЫ...

5 БЕТ

КІТАП САЛТАНАТ ҚҰРҒАН КҮН

8 БЕТ

ӘЛЕМДІК ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ БІРЛІГІ АСА МАҢЫЗДЫ

(Басы 1-бетте)

Президенттер мемлекеттеріміз арасындағы өзара тауар айналымын ұлғайтуға бағытталған бірлескен шаралар қабылдау, сондай-ақ ынтымақтастықтың екіжақты тетіктерін жандандыру маңызды екенін атап өтті.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясы аясында Словения Президенті Наташа Пирц-Мусармен кездесті. Мемлекет басшысы Словенияны Қазақстанның Еуропалық Одақтағы маңызды серіктесі екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, екі елдің қарым-қатынасы қарқынды дамып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Наташа Пирц-Мусарды келесі жылы елімізде өтетін Астана халықаралық форумына қатысуға шақырды.

Президенттер Қазақстан мен Словенияның сауда-экономикалық, көліклогистикалық және гуманитарлық салалардағы ықпалдастық перспективаларын талқылады. Сондай-ақ әңгімелесу барысында фармацевтика, логистика және IT индустриясы салаларындағы өзара байланыстардың оң тәжірибесіне назар аударылды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сондай-ақ Нью-Йоркке сапары барысында Президент бірқатар американдық компанияның басшыларымен кездесу жүргізді. Соның бірі, Rio Tinto компаниясының бас атқарушы директоры Якоб Штаусхольмді қабылдау кезінде геологиялық барлау, тау-кен және металлургия өнеркәсібінде бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Rio Tinto компаниясының еліміздегі қызметінің аясын кеңейту жоспары жөнінде мәлімет берілді. Сондай-ақ Якоб Штаусхольм Қостанай және Қарағанды облыстарындағы мыс кен орындарына геологиялық барлау жүргізу жобасының жүзеге асырылу барысы туралы баяндады.

Мемлекет басшысы жоғары технологияларды дамыту үшін бүгінде сұранысқа ие маңызды минералдар мен шикізаттың елімізде мол қоры бар екенін атап өтті. Қазақстан геологиялық барлау жұмыстарының ауқымын ұлғайту, жаңа кен орындарын ашуды жеңілдететін үздік әлемдік тәжірибелерді енгізу үшін шаралар қабылдап жатыр.

Мұнымен қоса, Мемлекет басшысы Mastercard компаниясының атқарушы вице-президенті Никола Вилламен де кездесті. Кездесу барысында қаржы секторын, IT саласын дамыту, сондай-ақ шағын және орта бизнестің цифрлық құзыретін арттыру бағыттарындағы ынтымақтастық перспективалары талқыланды.

Президент Mastercard компаниясының ТМД-дағы, Орталық және Шығыс Еуропадағы консалтингтік бағытты дамыту үшін Алматы қаласын өңірлік хаб ретінде таңдау шешімін қолдады. Инновациялық төлем технологиясы саласындағы жаһандық көшбасшылардың бірі саналатын компания бүкіл Орталық Азия аймағы үшін банк секторындағы бизнес пен адами капиталды дамытуды жоспарлап отыр.

Никола Вилла Қазақстанның GovTech-шешімдерін шетелде, әсіресе дамушы және қалыптасушы нарықтарда ілгерілету жоспары туралы баяндады. Оның айтуынша, Қазақстанның цифрландыру, электронды үкіметті және қолма-қол төлемсіз экономиканы дамыту тәжірибесіне Mastercard филиалдары жұмыс істейтін басқа елдер ерекше қызығушылық танытуда.

Бұдан бөлек, Президентке Mastercard компаниясының Инклюзивті өсім қоры Қазақстанда Strive бағдарламасын іске қосатыны жөнінде мәлімет берілді. Аталған бағдарлама елімізде бизнесті цифрландыруға, 300 мыңнан астам шағын және орта бизнестің біліктілігін арттыруға көмек көрсетеді.

Сонымен қатар Қазақстанның Ұлттық банкімен бірлесіп, «Цифрлық теңге», «Жедел төлем жүйесі», Open banking жобаларын жүзеге асыру ісіне сараптамалық және технологиялық тұрғыдан қолдау көрсету жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Президенттің Нью-Йорк қаласына жұмыс сапары аясында Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Mastercard компаниясы арасында осы және өзге де бастамалар қамтылған Digital Country Partnership (DCP) негіздемелік келісіміне қол қойылды.

СЕНАТ ОТЫРЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕЛГІЛЕДІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен палата бюросының отырысында депутаттар 21 қыркүйек күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін белгіледі.

Соған сәйкес сенаторлар жалпы отырыста «Қоғамдық бақылау туралы» заңды және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды. Бұл құжаттар азаматтардың ел тағдырына әсер ететін шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейді.

Сонымен қатар заңда оған қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін регламенттеу сияқты қоғамдық бақылау саласын реттеу бойынша бірқатар шара қарастырылған.

Бюро отырысында осы аптада өтетін іс-шаралар да пысықталды. Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында Маңғыстау облысында шағын және орта кәсіпкерлікті және көліклогистикалық әлеуетті дамыту мәселелері бойынша комитеттің көшпелі отырысы өтеді.

Сондай-ақ отырыс кезінде Мәжіліс қабылдаған заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

БЕЙБІТШІЛІККЕ ШАҚЫРАТЫН ЖАҢА ҚОЗҒАЛЫС

Өткен аптада Израильдің беделді басылымы – The Jerusalem Post-қа Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Religious leaders can help bring about world peace – opinion атты мақаласы жарияланды.

Мақалада халықаралық қауіпсіздік жүйесі дағдарыс пен белгісіздік кезеңін бастан өткеріп жатқан бүгінгідей геосаяси жағдайда бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге қатысты іргелі мәселелер көтерілген.

Мемлекет басшысы атап өткендей, халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін қалыптастыру үшін бейбітшілікке шақыратын жаңа жаһандық қозғалыс қажет. Бұл ретте рухани және діни көшбасшылардың рөлі зор.

Қазір әлем халқының шамамен 85 пайызы өзін белгілі бір дінмен байланыстырады. Сондықтан дін көшбасшылары халықаралық процестерге айтарлықтай ықпалын ескере отырып, жаһан жұртын алаңдатқан өзекті проблемаларды шешуде маңызды рөл атқаруы керек.

Жалпы, әлемдік діндер адам өмірінің құндылығы, мейірімділік, өзара жауапкершілік пен қолдау, зорлық-зомбылық пен араздыққа қарсы тұру сияқты негізгі қағидаларды дәріптейді. Президентіміздің мақаласында айтылғандай, дәл осы қағидалар жаңа әлемдік жүйеге негіз бола алады.

Дін қайраткерлері қақтығыстарды азайтуға және өкінішке қарай қазір әлемде кең таралған жек көру мен дүшпандық идеологиясының алдын алуға да ықпал ете алатыны анық.

Сонымен қатар мақалада технологиялық дамудың моральдық және адамгершілік жағы туралы маңызды ойлар айтылады. Шын мәнінде, цифрлы және технологиялық даму гуманизм мен этикаға табан тіремесе, оның қарама-қайшы салдары болуы әбден мүмкін. Сондықтан бұл ретте де рухани көшбасшылардың бағыт-бағдары қажет.

Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі 20 жыл бойы тұрақты түрде өткізіліп келе жатқаны белгілі. Қазір дүниежүзінде діналық және өркениетаралық диалогті нығайтуда бұл бастама маңызды рөл атқарады.

Сол себепті былтыр қыркүйек айында Астанада Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен VII съезд маңызды халықаралық оқиға ретінде қабылданды. Съезге Рим Папасы Франциск, Әл-Азһардың Жоғарғы имамы шейх Ахмед ат-Тайеб, Израильдің Жоғарғы раввиндері және әлемнің басқа да көптеген рухани жетекшілері қатысты.

Форумға қатысушылар екі күн бойы адамзаттың жаһандық проблемаларын шешу жолында діндердің жасампаз әлеуетін пайдалану мәселесін талқылады. Сондай-ақ жалпыадамзаттық және рухани құндылықтарға негізделген жаңа әлемдік жүйенің бедері белгіленді. Съезд барысында айтылған барлық негізгі идея мен ұсыныстар форумның қорытынды Декларациясына енгізілді.

Келесі айда Астанада съезд хатшылығының отырысы өтеді. Онда VII Съездің идеялары мен қорытынды құжатын дәріптеу мәселелері және алдағы он жылға арналған Діналралық форумды дамыту тұжырымдамасы қаралады.

Отырыс кезінде әлемдік діндердің өкілдері Қазақстан Президентінің мақаласында көтерілген маңызды мәселелерді де талқылайтыны сөзсіз.

Жалпы, уақыт өткен сайын діналралық диалог пен жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеуде еліміздің бірегей рөлінің маңызы артып келеді. Осылайша, Қазақстан халықаралық қоғамдастықтың алдында тұрған қазіргі күрделі проблемалар мен сын-қатерлерді еңсеруге өзінің елеулі үлесін қосып отыр.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Парламент Сенатының Төрағасы – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі хатшылығының басшысы

56 МЫҢ АСТАНАЛЫҚ СЕНБІЛІККЕ ШЫҚТЫ

Елордада «Жасыл Астана» экологиялық айлығы аясында жалпықалалық сенбілік өтті. Қалалық спорт басқармасына қарасты мекеме қызметкерлері мен елімізге танымал, халықаралық әлемдік деңгейдегі жарыстарда ел намысын қорғап жүрген спортшылар қатысып, шараға атсалысты. Қоғамдық іс-шараны бастамас бұрын олар шаһар төріндегі «Ғашықтар» саябағында сенбілікті таңғы жаттығумен ашты.

Жиналғандарға қоғамдық жұмыстың мән-маңызын түсіндірген пара дзюдодан тұңғыш әлем чемпионы Ақмарал Науатбек сенбілік тазалық кепілі екенін айтты. Осындай тазалық жұмыстарын жүргізу қашанда елордалық спортшылардың назарынан тыс қалмағанын тілге тиек еткен ол:

«Бүгін бәріміз бір кісідей жұмылып бізге берілген аумақты түгелдей тазартып шықтық. Өз ойымша сенбілік – бұл ұжымдық рухты, бірегейлікті, ауызбіршілікті көрсететін керемет шара. Барша қазақстандықты туған жерімізді таза ұстауға шақырамыз», – деді.

Соңғы жылдары қаладағы мұндай игі іс жұртшылықтың қолдауына ие болып келеді. Бұл бір жағынан жас ұрпақты өз туған жерінің табиғатын сақтап, азаматтық парызды орындаудың құндылығын үйретуде берері мол. Айталық, осы жолы да елордада 16 қыркүйектен 14 қазанға дейін «Жасыл Астана» дәстүрлі экологиялық айлығы өтеді. Осы жұмыс аясында ұйымдастырушылар қалалық қызметтерді, еңбек ұжымдарын және белсенді қала тұрғындарын жұмылдыра отырып, бірнеше коммуналдық және жалпықалалық сенбілік өткізбек.

«Елордалық 100-ден астам спортшымен бірге Спорт басқармасының ведомстволық бағынысты мекемелерінің қызметкерлері көшелерді тұрмыстық және өсімдік қалдықтарынан тазалап, қаланы абаттандыруға өз үлестерін қосты. Астанада «Жасыл Астана» экологиялық айлығы аясында жалпықалалық сенбілік қазанға дейін жалғасады», – дейді қалалық Спорт басқармасы басшысының орынбасары Еркеғали Корбозов.

Елордада жоғары деңгейде ұйымдастырылып отырған «Жасыл Астана» экологиялық айлығын қала экологиясын сақтаудың алғышарты ретінде қарастырсақ та болатындай. Өйткені акция аясында өтіп жатқан жалпықалалық сенбіліктің өзіне 56 мыңнан астам қала тұрғыны шықты. Демалыс күніне қарамастан белсенділік танытушылардың қатары көп. Таңғы сағат 9-дан бастау алған жалпықалалық сенбілікке ірі, орта және шағын бизнес өкілдері де қатысты. 200-ден астам компанияның қызметкерлері, қаланың тазалығына бейжай қарамайтын тұрғындар өз ұйымдары мен кеңселерінің жанындағы аумақты тазартып, азаматтық іс атқарғандарын абыройлы жұмыс деп санайды. Қала тұрғындары сағат түске дейін 110 тоннаға жуық қоқыс шығарды. Сонымен бірге қарағаш, үйеңкі, қарағай, бұта сияқты 1 200-ге жуық жасыл желек отырғызды.

Ж.АСҚАРБЕК

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

21 қыркүйек күні Нью-Йоркте БҰҰ Бас Ассамблеясының жоғары деңгейдегі апталығы аясында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің (АӨСШК) Министрлер кеңесінің бейресми отырысы өтеді. Оған Үкімет басшысының орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу төрағалық етеді.

Қазақстан 2020 жылдан бері АӨСШК-нің төрағасы міндетін атқарып келеді. Жиын барысында АӨСШК Бас хатшысы, елші Қайрат Сарыбай АӨСШК-нің қызметі туралы баяндама жасайды. Жоспар бойынша, Министрлер кеңесі ұйымды нығайтуға және Азияның жаңа жаһандық рөліне бейімдеуге бағытталған реформалардың сегіз нақты бағытын көрсететін АӨСШК Трансформациясының жол картасын бекітеді. Біртіндеп трансформациялау үдерісі 2022 жылы қазанда Астанада, Қазақстанның 1992 жылы БҰҰ қабырғасында ұйымды құру бастамасына 30 жыл толу мерейтойы құрметіне орай ұйымдастырылған АӨСШК VI саммитінде басталған-ды.

Жол картасы ұйым жарғысын әзірлеу, ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын іздеу секілді ашық және толық емес тізбесі бар трансформация үдерісінің құрылымдық күн тәртібі мен жетекші құжаты ретінде қызмет етеді. Сондай-ақ АӨСШК, бюджет және кадр реформасы және басқа да тақырыптар қамтылады.

ӘКІМДЕР САЙЛАУЫ – САЯСИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖЕМІСІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басты бағытты саяси реформаларға бұрып, мемлекеттік басқару жүйесін реттеуді қолға алғаны өте құптарлық қадам болды. Өйткені басшылықты реттеп алмай, тіршілікті түзеу қиын.

Елімізде адал әрі әділ мемлекеттік қызметшілер мен депутаттар болуы тиіс. Жаңа Қазақстанды сондай азаматтар аяғына тұрғызады. Саяси жаңғыру болмай, әлеуметтік, экономикалық тұрғыда даму да, өсу де мүмкін емес. Сол себепті сайлау жүйесіне біршама өзгерістер енгізілді. Атап айтсақ, Мәжіліс және мәслихат сайлауы тәртібі өзгеріп, мажоритарлы жүйемен өткізілді. Яғни, Мәжіліс депутаттарының 70 пайызы пропорционалды, 30 пайызы мажоритарлы жүйемен сайланды. Төменгі палатадағы 49 депутаттың ішінде 6 саяси партияның өкілдері де бар. Ал облыстық мәслихаттарда 50 пайызы пропорционалды, 50 пайызы можариталы жүйемен сайланғандар болса, аудандық мәслихаттарда – 100 пайыз өзін-өзі ұсынған депутаттар. Президент партиялардың институционалдық және ұйымдастырушылық қабілетін арттырып, бәсекелестікке бейімделуіне көңіл бөліп отыр. Жалпы, жаңа үлгі Парламенттің төменгі палатасына жаңаша көзқарасты азаматтардың келуіне мүмкіндік берді. Мен – бірмандатты округ бойынша өзін-өзі ұсынып сайланған депутаттың бірімін. Императивті мандатқа көшу арқылы депутаттардың өзара сайлаушылармен байланысын нығайту көзделген. Аманат арқалаған сайын жауапкершілік күшейеді екен. Абай хакім айтқандай, Құдайдан қорқып, пенделеден ұялып жұмыс істейсің.

Сол сияқты ауыл, аудан әкімдерінің сайлауы да жаңашылдық. Президент бастамаларының барлығы да адалдық пен әділдікке негізделген, билік пен халыққа игілікті екені даусыз. Саяси трансформация адалдықтың сақталып, әділдіктің орнауын қалыптастыратын ойын ережесі. Бұл сан салада бармақ басты, көз қыстылық пен монополияның түп-тамырымен жоюға жол ашады. Жаңа Қазақстанды құру үшін бетке алған бағыттан танбай, жаңа белестерді сөзбен емес нақты іспен бағындыру керек.

Ауыл әкімдерін сайлау тәуелсіздік тарихындағы айтулы белестің бірі болды. Енді, міне аудан әкімдері де сайланбақшы. Әкім сайлау – қазаққа бейтаныс рәсім емес. Бабаларымыз болыс, би, қазыларды да, ханды да сайлаған. Ұлы далада қалыптасқан сайлауы да, заңы да, басқару жүйесі де болған. Сол үдеріс жаңғырып жатса, неге құптамасқа?! Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың әкімдер сайлауын қолға алуы саяси реформаларға тың серпін берді. Былтырдан бері мыңнан аса елді мекенде сайлау өтіп, 603 ауылдық округ әкімі сайланды. Олардың 215-і өзін-өзі ұсынса, қалғаны – қайта сайланған бұрынғы әкімдер. Биыл пилоттық жоба ретінде алғаш енгізіліп отырған сайлау 3 қала мен 42 ауданда өтеді. Олардың барлығы көпшілік сеніміне ие болғандықтан әкім болып сайланды.

Үміткерлерге талапты күшейту керек. Қазір «бөліп ал да билей берге» салынып, әкімдікке мансап үшін таласатын кезең емес. Керісінше, ел үшін еңбегін аямайтын заман. Әкім сайлауы кандидаттар арасында бәсекелестік тудырады. Жергілікті жұртшылықтың атқарушы билікті өзі таңдап, өзі сайлауы – демократиялық жариялылықтың арқасы. Атқарушы билікті сайлау әлемдік тәжірибеде бар. Америкада да штат губернаторлары мен қала мэрлерін сайлайды. Есесіне, ел де тыныш, жоғарғы билік те тыныш. Әр округ өзі аттай қалап сайлаған адамына сенім артады, сенімін ақтамаса, мерзімінен бұрын алып тастай салады. Яғни, жұмыс істемейтін әкім халыққа, халық та өзі таңдап сайлаған әкіміне ренжімейді.

Алдағы аудан әкімдерінің сайлауы сәтті өтетініне күмән жоқ. Тек халық сөздің емес, істің адамын таңдаса игі. Қазір мұндай таңдау туындап тұрған шақ. Сайлауға 25 жастан асқан мемлекеттік қызметте еңбек өтілі бар азаматтар өзін-өзі де және кез келген партияның ұсынысымен де түссе, халық өзінің қалаулысын сайлай алады. Әкім – ортақ тұлға. Сондықтан әкімдер ұлтқа, руға бөлуден бойын аулақ ұстап, тек халық деген ұғыммен жұмыс істеп, сенімді ақтау басты міндет. Тек сонда сайлаушылардың сайлауға және атқарушы билікке деген сенімі артады.

Түкпірде бір әкім сүрінсе, барлық билікке сын. Президент әкімдердің – биліктің әрбір елді мекендегі тікелей өкілі ретінде жұрт олардың қызметіне қарап бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін бағалайтынын айтты. Сондықтан тиімді мемлекет және әділетті қоғам талаптарына сай болу үшін сайлауды әділ өткізуді тапсырды.

Әкімдерді сайлау – дер кезінде қолға алынған іс. Аудан әкімдерін сайлаудың өзі – ауыл әкімдері сайлауының сәтті өткенінің белгісі. Сайлау не үшін керек? Әкім болатын үміткерлер арасында бәсекелестік пайда болады әрі жарысып жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Халық та бір сайлауда үдесінен шықпаған әкімді екінші рет сайламайтын болады. Сол үшін әрбір адам «сайламасақ та сайлаулы» деген сенімсіздіктен арылып, сайлауға азаматтық борыш деп қарауы тиіс. Мемлекет басшысы халық пен билік арасында ашық диалог қалыптастырып, бірлікте тірлік кешуге шақырады. Жаңадан жасақталып жатқан реформалар – жаңа әрі әділетті Қазақстан құрудағы алғышарттар.

Қытайдың әйгілі ойшылы Конфуций «Өз отбасында тәртіп жоқ адам мемлекетті тәртіпке келтіре алмайды» деген. Мемлекет ауылдардан, қалалардан, облыстардан құралады. Президент айтқандай, әкімдер мемлекеттің жер-жердегі өкілдері болғандықтан, халық тарапынан айтылған әрбір сын-ескертпелерді шын қабылдап, елмен алыспай проблеманы шешумен айналысқаны абзал. Сондықтан олар ұлтқа, руға бөлу емес, халық деген ортақ ұғымды ұстанып, жұмыс істесе, жаңа реформалардың жеңісі сол болады.

Қайрат БАЛАБИЕВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты,
«AMANAT» партиясы
фракциясының мүшесі

БОС МАНДАТ ВЕРА КИМГЕ БЕРІЛДІ

«AMANAT» партиясы Саяси кеңесі Бюросының қаулысымен Парламент Мәжілісі депутатының партиялық тізім бойынша бос мандаты Вера Кимге берілді. Тиісті шешім ҚР Орталық сайлау комиссиясына жіберілді.

ЖОЛДАУДЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

«AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының TALQYLAU диалог алаңында кезекті отырыс өтті. Жолдауды қолдауға арналған жиынға облыстық мәслихат депутаттары, тарихшылар, қоғам белсенділері, облыстық әкімдікке қарасты басқарма басшылары, студенттер қатысты.

– Президенттің бұл жолғы Жолдауының ерекшелігі, кез келген кезде халық үніне құлақ асатын Үкімет екендігімізді тағы бір мәрте көрсете білді. Елімізде үлкен тартыс болып жатқаны белгілі. Қиын кезеңді еңсерудеміз. Біз тіршілік етіп жатқан сәтімізде «неден күш аламыз, неден нәр аламыз?» дегенді үнемі ойда ұстауымыз керек. Егер жұтқан ауа, ішкен суымыз таза болмаса, қуат беретін азық-түлігіміз сапасыз болса, қиыншылық туындары сөзсіз. Тіршіліктің көзі суға байланысты жақсы ойлар айтылды. Электр энергетикасы саласында тапшылықты болдырмау мақсатында АЭС салу жөніндегі пікірді, жалпыхалықтық референдум арқылы шешу керектігін айтты. Осының бәрі жаңа министрліктерді құруға себеп болды. Бұл – уақыт талабы, – деді «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков.

Жиында бүгінгі таңда атқарылып жатқан істер де сараланды. Арнайы келіп жастарға өз ойын жеткізген Қарағанды университетінің мұғалімі, профессор, тарихшы Нұрсаған Ахметқызы:

– Маған Президентіміздің елге шетелден қайтарылған активтердің ашық болуы және мемлекеттік қорларды біріктіру туралы ұстанымы ұнады. Жолдаудағы ерекеше қолдау табатын бағыттардың бірі – ауыл шаруашылығы туралы мәселелер деп санаймын. Соның ішінде өндірілген өнімді өңдеу, оның жұмысын ынталандыру арқылы мол табыс табу соның нәтижесінде ішкі өнімді көбейте отырып экспортты нығайту. Ол үшін мемлекет тарапынан ауыл-аймақтағы бизнесті қолдау, ұсақ шаруашылықтарды біріктіру мәселесін шешуді атап көрсетумен қатар, өнім өткізу саясатын дұрыстау арқылы шетелге шығару керек дегені өте дұрыс болды. Мұндай саясаттың тарихи өзегі – биыл құрылғанына 175 жыл толып отырған атақты Қоянды жәрмеңкесі. Ол заманда мал өнімдерін тауар ретінде сату, айырбастау барысында ұтылумен қатар, мол пайда табу мектебінің тарихи тағылымы мол еді. Олай болса тарихтан сабақ алудың да бір мысалы осы Жолдаудан көрінді, – деп атап өтті.

Сонымен қатар TALQYLAU диалог алаңында сөз сөйлеген «Сенімен болашақ» бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының басшысы Индира Тоқмұрзина:

«Жолдау – біз үшін стратегиялық құжат. Жолдаудың жүзеге асуына бәріміз, халық болып жауаптымыз. Мемлекет басшысының қоғамдық санаңы өзгерту керек дегені ұнады. Өйткені ортақ мүддеге жұмылуымыз тікелей қоғамның санасына байланысты. «Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары егіз құндылық ретінде әрдайым қатар жүруге тиіс» деді Президент. Олай болса, азамат адал болғанда біздің мемлекетімізде әділеттілік болады, әр адам өзінің жұмысына шынайылықпен қарауы керек», – деді.

Жиында студенттер аға буыннан өз сұрақтарына тұшымды жауап алды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Сіз не дейсіз?

(Басы 1-бетте)

Ерлан ӘБДИЕВ, Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

ДЕМОКРАТИЯ ӨҢІРЛЕРДІ ӨРКЕНДЕТУГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТПЕК

– Ерлан Тұрсынбайұлы, ауыл әкімдерін сайлау қандай дәрежеде өтіп жатыр деп ойлайсыз? Осы шараны қолға алғандағы мақсат орындалып жатыр ма?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасы бойынша аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдар мен кенттердің және ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлауы өтуде. Жаңадан сайланған ауыл әкімдері Президент ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында халықпен тығыз байланыста жұмыс атқара отырып, жергілікті жерлердегі мемлекеттік басқарудың жаңа мәдениеттін қалыптастыруда деп есептеймін. Уақыт өте келе, Президенттің бұл бастамасы өз нәтижелерін жақсы жағынан көрсетеді деп сенемін. Менің ойымша, мемлекеттік құрылымның барлық деңгейлерінде, соның ішінде ауыл әкімдерін сайлауда демократиялық қағидатты қолдау және құрметтеу маңызды. Ауыл тұрғындарына өз басшыларын өз бетінше анықтауға мүмкіндік беретін процесс азаматтардың өмірге ашықтығы мен белсенді қатысуына ықпал етеді. Әрбір тұрғынға өз дауысын білдіруге және ауылымыздың дамуына үлес қосуға тең мүмкіндік беретін әділ және ашық сайлауды қамтамасыз ету керек.

Ауыл әкімін сайлаудың тиімділігін бағалау нақты жағдайларды және әрбір ауылдың контексін талдауды талап етеді. Нәтижелер әр жерде әртүрлі болуы мүмкін. Дегенмен жалпы алғанда, ауыл әкімдерін сайлау үшін тұрғындар арасында сайлауды енгізу – демократиялық жолға жасалған батыл қадам. Мұндай шараның мақсаты – азаматтардың өз қоғамдастығына әсер ететін шешімдерді қабылдауға қатысуы.

Бұл шараның сәттілігін анықтау үшін сайлаудың қатысу деңгейін, ашықтығын және олардың сайлау сапасына әсерін ескеру қажет.

Біз осы процестің дамуын қадағалап, ауылымыздың тұрғындарына жақсы жағдай жасау үшін анықталған проблемаларға жауап беруіміз керек.

– Жолдауда аймақтарды дамыту туралы міндеттер қойылған.

Президент ауыл әкімдерінің бюджет дербестігі мен электораттық сипатын арттыра түсіру туралы тапсырма қойды. Соған қатысты пікіріңізді айтсаңыз.

– Президент жолдауында ауыл әкімдерінің бюджеттік дербестігі мен сайлаулылығын арттыру міндетін қою демократияны нығайтуға және өңірлерді дамытуға ұмтылысты көрсетеді. Бюджеттік автономия ауыл әкімдерінің өз аймақтарындағы қаржы мен ресурстарды тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Инфрақұрылымды, білім беруді және денсаулық сақтауды дамытуға өз үлесін қосады. Ауыл әкімдерін сайлау өз кезегінде тұрғындардың өз басшыларын таңдауға тікелей қатысуының маңыздылығын көрсетеді.

> *Ауыл әкімдерін сайлау үшін тұрғындар арасында сайлауды енгізу – демократиялық жолға жасалған батыл қадам. Мұндай шараның мақсаты – азаматтардың өз қоғамдастығына әсер ететін шешімдерді қабылдауға қатысуы.*

Жолдауда 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін 2 есеге ұлғайту, яғни 450 млрд долларға жеткізу жоспарлануда. Президент бұл стратегиялық міндетті қалайда орындауға тиіс екенімізді жеткізді. Басты мақсат – экономиканың тұрақты өсімін 6-7 пайызға жеткізу. Бұл айтылған жоба-жоспарлардың барлығы мамандар тарапынан нақты зерттеліп, есептеліп жасалған. Президенттің Жолдауындағы тапсырмаларды орындау 2023 жылы және 2024 жылы жаңадан сайланатын аудан және облыстық деңгейдегі қала әкімдеріне тікелей байланысты болады деп санаймын. Сондықтан да ауылдағы ағайындар мен қаладағы жерлестер өз таңдауларын дұрыс жасауы тиіс. Сонда ғана қаладағы, аудандағы азаматтарымыздың жергілікті жердегі атқарушы биліктің қабылдаған шешімдеріне тікелей араласып, қатысуларына мүмкіндіктері артатын болады.

Қорытындылай айтқанда, бұл міндеттердің өңірлерде өзін-өзі басқаруды нығайту және бүкіл елдің дамуы үшін маңызы зор. Дегенмен бұл мақсаттарды табысты жүзеге асыру үшін жергілікті деңгейде қолдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтарды оң мүдделерін өз дәрежесінде алып шығу үшін сайлаудың ашықтығы мен тұтастығын қамтамасыз ету қажет. Бір сөзбен айтқанда, демократиялық үрдістерді өңірлерді дамытуға пайдалануда Қазақстан үшін мүмкіндіктер зор.

– Әңгімеңізге рақмет!

Жазып алған
Нұрлан ОРАЗҒАЛИ

ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНАДА ДАҒДАРЫС КҮШЕЙДІ

(Басы 1-бетте)

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Денсаулық сақтау саласын дамытуы тиіс ұйым – Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (ӘМСҚ) қалыптасқан ауыр ахуалға медициналық ұйымдар басшыларының өзін айыптады: менеджменті нашар көрінеді. Ал олардың айтар өз даты бар: Мемлекет басшысы ақ халаттылардың жалақысын жыл сайын көтеру міндетін қойды, бірақ ол тапсырманы емханалар мен ауруханалардың өз қаражаты есебінен орындауына тура келген. Бюджеттен бұл мақсатқа арнайы ақша бөлінбепті.

Мұның сыртында ӘМСҚ олардың науқастарға көрсеткен ем-дом және басқа қызметтері үшін тарифтерді тым төмен белгілеп отыр, жете қаржыландырмайды. Ол тарифтерді бекіту кезінде басқа шауып, төске өрлеген инфляция, қымбатшылық әу бастан ескерілмеді.

Бұрынғы Денсаулық сақтау министрі, QazMed медқызметкерлер кәсіподағының кеңесшісі Елжан Біртановтың болжамынша, саладағы кредиторлық берешектің ауқымы жыл соңында 250-300 млрд теңгеге дейін жетуі мүмкін. Ахуал шынымен күрделі.

Мәжіліс депутаты Гүлдара Нұрымова қалыптасқан күрделі жағдайды жасырмай, ашып айтты.

«Кейбір емхана тіпті тонометр мен градусникті сатып ала алмайды. Қызметкерлерінің зейнетақы жарналары, медикаменттер жеткізілімі, коммуналдық қызметтер бойынша қарыздары зорайып барады. Бірқатар аурухана штатын қысқартты, жұмыскерлерін ақысы төленбейтін демалысқа жіберді. Операциялар келесі жылға ысырылуда. Ойлап көріңізші, дерті жанына батқан сырқат кезекке әзер ілігіп, ота жасалуын жарты жыл күтеді, ал оған келесі жылды күтіңіз дейді. Біз дабыл қақтық. Салалық ведомствоға жағдайды баяндап, сауал жолдасақ, жалтарма жауап келеді. Мысалы, медұйымдарды шектейтін сызықтық шкала неге қолданылатынын сұрасақ, олар сызықтық шкаланың не екенін түсіндіреді», – деп кейіді депутат.

Оның түсіндіруінше, ӘМСҚ өзіне мемлекеттен, бизнестен, қарапайым қазақстандықтардан жарналар мен аударылымдар түрінде тоқтаусыз миллиардтар түсіп жатқанына қарамастан, төмен тарифтермен, сызықтық шкаламен шектеп, емханалар мен ауруханалардың қол-аяғын байлап-матап тастады.

Сонымен бірге қор сызықтық шкала қолданылатынын жыл басында, алдын ала ескертуі керек еді. Олай болмаған соң емханалар пациент емдеу квотасын тез түгесіп қойған, сырқаттар легін артығымен емдеген. ӘМСҚ олар үшін төлемейтінін айтып, тулады. Дәрілік препараттар, реактивтер, реагенттер, дәрігер еңбегі шығындалды. Олардың шығынын мемлекет пен қор өтегісі жоқ.

САЛАДАҒЫ АХУАЛ ҚАУЛАҒАН «ӨРТКЕ» ҰҚСАЙДЫ

Күн тәртібінде «өртеніп» тұрған өткір мәселеге ден қойған Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басқарма төрағасы Сәбит Ахметов жаздан бері өңірлерді аралап шықты. Содан медициналық активпен ортақ тіл тапты деу қиын.

Мысалы, ақ халатты абзал жандар ӘМСҚ-тың қаржы бөлуді жоспарға теліп қойғанына наразы. Себебі қор медициналық көмек жоспарында әрбір емхана мен ауруханың өткен жылдарда негізгі бейіні бойынша қанша сырқатты емдегеніне қатысты статистикасын басшылыққа алады. Егер коронавирус бас көтеріп, әлемде қырғын салмағанда, бәрі дұрыс болатын ба еді? Бірақ соңғы үш жылдың екеуінде, пандемия кезінде ауруханалардың көбі ковид стационарлары ретінде қайта бейінделді де, өзінің негізгі бейіні бойынша пациенттерді көп емдей алмады. Қазақстан халқының үлкен бөлігі атышулы инфекциядан демігіп, демі үзілгелі жатқанда, басқасы жайына қалды емес пе?

Ал бүгінде солардың қаржыландырылуы күрт кеміді: постпандемиялық жоспарлау барысында олардың негізгі бейіні бойынша емдеген аз шоғыр пациентінің саны негізге алынған. Қор басшысы өз ұстанымында табандады: қаражат әрбір ауруханадағы койка санына қарай емес, бұрынғы жылдары көрсеткен медициналық қызметтерінің талдауына сай бөлінеді. Өңірлік комиссия да басқа тәсілдерге, соның ішінде ауруханалардың шағымына бағдарлана алмайды.

Сонымен қатар МӘМС жүйесімен халықты қамту да проблемаға айналды: медсақтандырылмағандар саны өсті. Дәрігерлердің айтуынша, олардың мойнынан осы жүйені ілгерілету міндетінің жүгі алып тасталуы тиіс, өйткені олардың миссиясы – адамдарды емдеу. МӘМС мәселелерімен қор және жергілікті әкімдіктер айналысуы қажет. Әйткенмен, билік медұйымдарды медициналық сақтандыруды насихаттауға мәжбүрлеуін қоятын емес.

Қор басшылығы проблемалардың көптігін мойындады. Сәбит Ахметовтің айтуынша, әр өңірдің өз ерекшелігі бар, алайда проблемалары ұқсас келеді. Мысалға, бірінші кезектегі мәселе – медициналық көмектің бірқатар түрі мен бейіндері бойынша төленетін тарифтер тым төмен. Әсіресе, жедел жәрдемдердің жағдайы аянышты: олардың қызметіне бекітілген тарифтердің аздығы сонша, тіпті төл шығыстарын «жабуға» жетпейді.

Тағы бір түйткілді мәселе – сызықтық шкаланың қолданылуы. Сайып келгенде, ол әр емхана мен ауруханың емдейтін сырқаттарының санын квоталап, шектейді. Салдарынан, медициналық ұйымдар тіпті қанша жерден медсақтандырылса да, алдына азап шегіп келген науқастың бетін қайтаруға мәжбүр. Ол үшін ӘМСҚ ақша төлемейді.

> *Қор басшылығы проблемалардың көптігін мойындады. Сәбит Ахметовтің айтуынша, әр өңірдің өз ерекшелігі бар, алайда проблемалары ұқсас келеді. Мысалға, бірінші кезектегі мәселе – медициналық көмектің бірқатар түрі мен бейіндері бойынша төленетін тарифтер тым төмен. Әсіресе, жедел жәрдемдердің жағдайы аянышты: олардың қызметіне бекітілген тарифтердің аздығы сонша, тіпті төл шығыстарын «жабуға» жетпейді.*

Қор басшысының ұстанымы (тіпті, үкімі десе болады) – үзілді-кесілді: сызықтық шкала сол бойы қалады. Ол ол ма, оны бақылау күшейтілді. Мысалы, былтыр ӘМСҚ емханалардың тек жылдық көлемін бақылайтын. Нәтижесінде, медұйымдар сырқаттар аз жүгінген маусымнан қалған лимитті дерттілер саны шырқау шегіне жететін маусымға, мысалы күзге лақтыратын. Енді олай жасай алмайды. С.Ахметов «бүгінде жоспардың ай сайынғы орындалуын мұқият бақылайтынын және емделгендер саны көлемнен асып бара жатса, оны жоспардан алып, кесіп тастайтынын» мәлімдеді.

ҚАРЫЗ МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

«Бүгінде жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен мемлекеттік медициналық ұйымдардың кредиторлық берешегін өтеу мәселесі пысықталуда. Кредиторлық берешекті өтеу ӘМСҚ құзыретіне кірмейтініне қарамастан, қор жағдайды қарап, талдау жасайды әрі ұйымдардың қаржылық жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Сондай-ақ Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, биылғы шілдеде МӘМС жүйесінен қосымша 60 млрд теңге бөлу туралы шешім қабылданды. Қаржы филиалдарға жеткізіліп, медициналық көмекті сатып алу рәсімдерін жасауға медициналық ұйымдар арасында бөлінді», – деп түсініктеме берді қор.

Қор басшысы қалыптасқан ахуал үшін емханалар мен ауруханалардың өзін айыптауға бейім.

«Салмақты проблема – медициналық ұйымдардың кредиторлық берешегі. Олардың пайда болуының бірнеше себебі бар. Үкіметтің №1193 Қаулысы аясында жыл сайын жалақыны өседі. Нәтижесінде, медициналық ұйымдардың бюджетінің 80%-ға жуығы еңбекақыны төлеу қорына жұмсалады, басқа міндеттерге ақша жетпей қалады. Дәрі-дәрмектердің, шығын материалдарының және коммуналдық қызметтердің қымбаттауы да проблема болып жамалды. Өз бюджетін тиімсіз пайдалану, нашар менеджмент салдарынан кредиторлық берешектің пайда болу жағдайлары кездеседі. Мысалы, кейбір медициналық ұйым сұраныс болмаса да, бірден бірнеше айға дәрі-дәрмектің қосымша қорын, немесе бір препараттың бірнеше аналогын сатып алған, МӘМС ақшасы есебінен миллиард теңгеге ауыр техника алған, шектен тыс үлкен штатты ұстаған. Берешегі бола тұра, ақшалай сыйақылар төленеді», – деді ӘМСҚ басшысы Сәбит Ахметов.

Әділдік үшін айталық, қор да өз ұжымына сыйақы төлейді.

Қор басшысы қаражат ресурстарының тапшылығы тұйығынан өз бетінше шығуды ұсынды: бөлінген бюджет аясында қаржыны басқаруды үйрену, шығындарды оңтайландыру жолдарын іздеу, даму үшін ішкі резервтерді босату.

ӘМСҚ ұсынуынша, медициналық ұйымдардың басшылары қаржы дағдарысының алдын алу үшін штаттарын оңтайландыруы қажет. Сұранысы аз профильдер бойынша дәрігерлердің қосымша ставкаларын алып тастап, медициналық қызметтердің жекелеген түрлерін бірлесіп орындауға беруі қажет. Яғни, кейбір дәрігердің жеке бірлігін ұстамайды, оны жұмыстан босатып, міндетін басқа дәрігерге жүктейді. Бұдан бөлек, ауруханалар мен емханаларға бос ғимараттары мен бөлмелерін жалға беруге, дәрі-дәрмектерді сатып алу көлемін қайта қарап, азайтуына тура келуде.

Әкімдіктер медұйымдардың даму жоспарын қайта қарап, артық шығындарды алып тастап жатыр.

Мұның бәрі халыққа ұнамауы мүмкін. Өйткені соның салдарынан мәселен, тұрғындар жағдайы күрт нашарлағанда жедел жәрдем шақыра алмайды, жедел жәрдемге өз аяғымен жетуі тиіс.

«2023 жылдан бастап Астанадағы №4, №9 және №10 емханаларда шұғыл медициналық көмек бойынша пилоттық жоба сынақтан өтіп жатыр. Пилоттық жобаның негізгі мақсаты – стационарлардың жүктемесін азайту. Пилоттық жоба негізінде осы емханаларда арнайы бөлімше құрылды. Созылмалы ауруы өршугенде, тері мен тері астындағы тіндердің өткір қабыну аурулары туындағанда, жеңіл жарақат, жара, 1-2 дәрежелі күйіктер, көгерулер, созылу, терінің сыдырылуы кезінде, созылмалы аурудан туындаған ауырсыну синдромдарында, жануарлар тістеп, жәндіктер шаққанда, артериялық гипертензия кезінде және басқасында, сырқаттар осы арнайы бөлімшелерге өз бетінше жүгінеді», – деп хабарлады ӘМСҚ.

Салдары не болды: мәселен, №10 емхананың жедел жәрдемі жыл басынан 2,4 мың сырқатқа көмек көрсетіпті. Оның 97%-дан астамы өз бетінше жеткен. Жүгінгендердің төрттен бір бөлігі – балалар. Жүгіну себептерінің жартысына жарақат алу ықпал етіпті. Сонда айталық, аяғы сынған адамды жедел жәрдеммен алып кетпей, өз аяғымен келуге мәжбүрлеу қаншалықты әділетті?

Қор болса, мұнымен шектелмей, жаңа биіктерге құлаш ұрды. ӘМСҚ Қазақстанда жедел жәрдемді аутсорсингке бермек.

«Емханалардағы пилоттық жоба аясында жұмыстың тағы бір моделі сынақтан өтеді: жедел жәрдем көмегін көрсетудің шұғылдығы жөнінен 4-санаты аутсорсингке беріледі. Біріншіден, бұл шақыртуларға барынша жедел жетуге, кешікпеуге жол ашады. Өйткені кешіксе, жедел жәрдем айыппұл арқалайды. Екіншіден, шығындар оңтайландырылады, қаражаттар босатылады», – деп мәлім етті қор.

Қазақстанда жұмыс берушілердің, ірі кәсіпорындардың өз персоналын аутсорсингке жіберумен тым әуестенуі 2019–2021 жылдары елде ереуілдердің жаппай белең алуына соқтырды. Шенділердің мына сынағы неге соқтыратыны белгісіз.

Елдос СЕНБАЙ

ЖАҢА ОБЛЫСҚА ДЕМ БЕРГЕН ҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ

Ауыл шаруашылығы – экономиканың бір бөлшегі ғана емес, ұлттық қауіпсіздіктің де алғышарты. Сондықтан да мұндағы механизмдер, соның ішінде қаржылай тетіктер де жоғары тиімділікпен жүзеге асырылуы тиіс. Сондай ұйымның бірі – «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы.

Ширек ғасыр тарихы бар компания елімізде жаңа әкімшілік бірліктер ашылуына орай қанатын кеңге жайып келеді. Сондай өңірдің бірі – Абай облысы. Ұлы ақынның туған топырағында жұмысын бастағанына аз уақыт болғанына қарамастан, қаржы ұйымы жемісті еңбек етіп келеді. Мәселен, Абай облыстық филиалы 2022 жылдың желтоқсан айында құрылған. Семей қаласында орналасқан бөлімше 2023 жылдың басынан бері облыстың кәсіпкерлік субъектілерін жалпы сомасы 7 043 млн теңге болатын 380 бірлік ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға қаржы берген. Сондай нысандардың бірі – 2013 жылы отбасылық шаруа қожалығы ретінде құрылған «Атасу» ШҚ. Он жыл бұрын Аягөз ауданы Мыңбұлақ ауылында шаруашылық қызметін бастаған бұл қожалық бидай, сұлы, арпа және тағы басқа да дақылдар егуге ден қойған. Ауыл шаруашылығы техникасын үнемі жаңартып отыратын «Атасу» шаруа қожалығы осы уақытқа дейін «ҚазАгроҚаржы» АҚ-мен етене әріптестікте қызмет етіп, 700 миллион теңгеден астам сомаға ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған. Олар – тракторлар, тұқым сепкіштер, комбайндар және тағы басқа да ауыл шаруашылығы техникалары. Шаруашылықпен қатар, маркетинг қызметін де жолға қойған қожалық басшылығы бұл қызметтің ақпараттарын шебер пайдаланып, өнім өткізу кезінде төлем қабілеті жоғары, сенімді сатып алушыларды таңдайды, өз өнімдерін ұтымды бағамен сатады. Одан бөлек, «Атасу» ШҚ жыл сайын Астана, Алматы және Абай облысындағы қалаларда өтетін ауылшаруашылық жәрмеңкелеріне қатысады. Шаруа қожалығының өңірдің экономикасына, әлеуметтік жағдайына да қолдауы үлкен. Мысалы, Аягөз қаласының дамуына қосқан үлесі үшін 2018 жылы «Аягөз мақтанышы» медалімен және грамотасымен марапатталған, Мыңбұлақ ауылдық округінің әкімі Ж.Есенжарованың көп жылғы адал еңбегі үшін алғысхаттарын алған.

Әрине, бұл жетістіктерде біз сөз етіп отырған «ҚазАгроҚаржы» компаниясының да үлесі бар. Осыдан 24 жыл бұрын құрылған шақта ауыл шаруашылығы саласындағы басты мәселе – техника паркін жаңарту миссиясы жүктелген қаржы ұйымы содан бері «Сапалы және бәсекелі лизингтік қызметтер ұсыну жолымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін техникалық жарақтандыруға жәрдемдесу» міндетінен айнымаған емес. Енді бүгінде ол Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы лизинг нарығында көшбасшыға айналып отыр. Бұл саланы қазіргі заманғы және жоғары технологиялық техникамен қажеттілігіне қарай қамтамасыз етіп келеді. Қоғам Жарғысында көрсетілген келесідей қызмет түрлерін жүзеге асыруда. Бүгінде компанияның Қазақстанның барлық аймақта рында 15 филиалы бар, еншілес кәсіпорындары жоқ. Құрылған 1999 жылдан бастап «ҚазАгроҚаржы» АҚ агроөнеркәсіп кешеніне 1 333,4 млрд теңге инвестиция құйған екен. 2000 жылдан бергі лизингке алынған техника саны – 73,5 мың бірлік. Биылғы 1 тамыз күнгі жағдай бойынша оның 11 856 белсенді қарыз алушысы бар.

Осынау жетістіктердің табиғатына терең үңіле түсер болсақ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ ұсынатын бағдарламалардың кең ауқымы ауыл шаруашылығы қажеттіліктері үшін кез келген дерлік машиналарды немесе жабдықтарды сатып алуға мүмкіндік береді. Соның ішінде «Экспресс лизинг» немесе «Мастер лизинг» сияқты арнайы бағдарламалар тұтынушылар үшін техника паркін жаңартуға керек міндетті шығындарды дұрыс жоспарлауда үлкен көмек. Мәселен, «Экспресс лизинг» бағдарламасы бойынша өтінімді қарастыру мерзім – 5 күн! Қазақстанда мұндай жылдам шешімді тек «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы ғана ұсына алатынын мақтанышпен атай кету керек.

Ал «Мастер лизинг» бағдарламасы арқылы бір жылға несие желісін ашуға болады. Бұл одан кейінгі несиелеу процесін жеңілдетеді. Лизингтің стандартты шарттарынан бөлек компанияның «Жеңілдетілген лизинг» бағдарламасы бар. Ол арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін мемлекеттік қолдау бағдарламасын сәтті жүзеге асыруға болады.

2023 жылдың 26 маусымында «Өзіміздің жем», «Қазақстанда жасалған», «Жасыл өнім», «Жеңілдікті лизинг» сияқты 4 бағдарлама іске қосылды. Мал шаруашылығының азық базасына қажеттілігін қамтамасыз етуге, ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігі мен мал өнімдерінің көлемін арттыруға бағытталған «Өзіміздің жем» бағдарламасын жүзеге асыруға 20 млрд теңге бөлінген. Ал «Қазақстанда жасалған» бағдарламасы отандық өндірістен немесе құраудан шыққан ауыл шаруашылығы техникасын лизингке қаржыландыруға бағытталған. Бағдарламаны қаржыландыруға 15 млрд теңге жұмсалмақ. «Жасыл өнім» бағдарламасы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін (көкөністер, жеміс-жидектер, қант қызылшасы) өндірушілерді жеңілдікпен қаржыландыруды мақсат етеді. Оны жүзеге асыруға 10 млрд теңге қарастырылып отыр.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ мемлекет басшысының саясатын белсенді түрде жүзеге асырып, техника сатып алуға лизинг беру арқылы Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін нығайтуға жан-жақты көмек көрсетуде. Компания 1999 жылғы 28 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» 1999 жылғы 24 қарашадағы №1777 Қаулысына сәйкес ауыл шаруашылығындағы негізгі мәселелердің бірі – техникалық паркті жаңарту жағдайын шешуге көмектесу мақсатында құрылған. 2022 жылдың 25 шілдесінен бастап компания – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның еншілес ұйымы. Өз кезегінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның Жалғыз акционері – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі. Компания өз қызметін «Акционерлік қоғамдар туралы» заңға және әлемдегі корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес жүзеге асырады. Қоғам жалғыз акционердің мүддесі үшін жұмыс істейді, жалғыз акционер мен Директорлар кеңесіне есеп береді.

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ ҚАЙТСЕ ДАМИДЫ?

Соңғы жылдары мемлекет тарапынан ғылымға ерекше қолдау көрсетіліп келеді. Енді ғылыми жобаларды қаржыландыру қолға алынып, жыл сайын жас ғалымдарға 50 ғылыми стипендия берілетін болды. Жалпы, отандық ғалымдардың жобалары қай салаларда қолданысқа енгізіліп жатыр? Қазақ ғылымының ертеңінен күтер үміт қандай?

Көктем ҚАРҚЫН

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА ЖОЛ СІЛТЕЙТІН МАМАН ҚАЖЕТ

Кейінгі жылдары жас ғалымдарға жігер беру үшін бірнеше ірі жоба қолға алынды. Алайда әлі де болса жас ғалымдардың аз екені жиі айтылады. Осы уақытқа дейін елімізде ғылымды дамыту мен ғалымдарды қолдауға қатысты түрлі бағдарламалар болғанымен, оның қуаты мен қайтарымы мақтанарлық емес. Оған бір мысал, Қазақстанда 1991 жылы ғылыми-зерттеулермен шұғылданушылар саны 42 мың адам болса, қазір бұл көрсеткіш 22 мыңға дейін төмендеген. Соған қарамастан, кейінгі жылдары Қазақстан ғылымының әлеуеті артып, жас ғалымдарымыздың жетістігі көбейіп келеді. Оған дәлел ретінде ғалымдарымыздың халықаралық ғылыми басылымдарда жарық көріп жатқан еңбектерін атап өтуге болады. Мәселен, 2011-2019 жылдар аралығында Қазақстан Web of Science базасында жарияланған мақалалар саны жөнінен 122-орыннан 87-орынға көтерілген. Бүгінге дейін отандық ғалымдардың Web of Science мәліметтер базасында – 28 973, Scopus-та 33 116 материалы жарық көріпті. Сонымен бірге 2011 жылмен салыстырғанда ғалымдарымыздың жарияланған еңбектері Scopus базасында 34,5 есе, Web of Science-та 59 есе артқан. «Ғылым қоры» басқарма төрағасының орынбасары Әлия Сембаеваның айтуынша, соңғы бес жылда отандық ғылымның даму қарқыны артты. Яғни, ғылыми реформалар ашық жүргізіле бастады. Ұлттық ғылыми кеңестер тікелей эфирде көрсетіліп, шешімдердің барлығы ашық қабылданып жатыр. Ғылымды қаржыландыру бірнеше есеге ұлғайды. Негізгі конкурстардан бөлек жас ғалымдарға арналған конкурстар көптеп өткізілуде. Сонымен қатар қазір бизнес пен ғылымды байланыстыруға арналған түрлі алаңдар бар. Ол жерде негізінен ғылымды коммерцияландыру, ғылым мен бизнестің өзара іс-қимылы тақырыптары көтеріледі.

– Қазір ғалымдар қолданбалы бизнеске арналған идеяларын ұсынып жүр. Дегенмен ғылымның өндіріске енуі бір күнде жүзеге асатын құбылыс емес. Біраз уақыт қажет, ғылым баяу дамиды. Себебі ғылым төзімділік пен табандылықты қажет етеді. Шетелмен салыстырсақ бізде химия саласында түрлі кедергі бар. Соған қарамастан, ғылым саласының мүмкіндігі мол деп ойлаймын. Гранттық қаржыландыру, бағдарламалық қамтамасыз етуді қаржыландыру сияқты конкурстар үнемі жарияланып тұрады. Ал барлық жас ғалым мұндай конкурстарға қалай өтініш беруге болатынын біле бермейді. Құжаттарды рәсімдеу тәртібін білмегендіктен мүмкіндіктерден құр қалады. Сондықтан ғылым саласында жол сілтейтін қаржыгерлер мен заңгерлердің болғаны абзал. Себебі ғалымдар тек өз идеяларына бас ауыртуы керек. Ал заңгерлер сол жобаның жүзеге асуына, түрлі конкурстарға қатысуына жағдай жасау қажет, – дейді Әлия Сембаева.

ИНСТИТУТТАР ӨЗІН-ӨЗІ ҚАРЖЫЛАНДЫРА АЛМАЙДЫ

Иә, қазір жас ғалымдарға арналған конкурстар мен стипендиялар саны артып келеді. Бірақ бұл мүмкіндікті барлығы бірдей пайдаланып жатқан жоқ. Биылдан бастап 35 жасқа дейінгі талантты жас ғалымдар үшін 50 мемлекеттік ғылыми стипендия беріліп, жаратылыстану ғылымы саласындағы үздік жұмыс үшін жас ғалымдарға арналған Д.Қонаев атындағы және гуманитарлық ғылым саласындағы үздік жұмысы үшін жас ғалымдарға арналған М.Әуезов атындағы сыйлық тағайындалатын болды. Осылайша, Жоғары білім және ғылым министрлігі аз уақыттың ішінде 13 мыңға жуық ғалымды қатарға қосуға ниеттеніп отыр. Бұл оңай шаруа емес екені айтпаса да белгілі. Ал қазіргі ғалымдардың 32 пайызы ғана – орта жасқа толмаған жас зерттеушілер.

– Қазіргі ғылымға келетін жастар 1-2 жылда байып кетсек деп ойлайды. Бірақ ғылымда жүрген адам байымайды. Ол тек рухани байиды. Халықтың құрметіне ие болады. Сондықтан жастардың ғылымда нәтижеге жетіп жатқанын мен байқаған жоқпын. Олардың ғылыми жаңалық ашып, оны өндіріске енгізуіне уақыт керек. Сосын терең білім мен ғылыми мектеп керек, – дейді Микробиология және вирусология ғылыми орталығының бас директоры Амангелді Саданов.

Ал ғылым докторы Азамат Ешмұхаметовтың пірінше, жас ғалымдар жобаларының аяқсыз қалуына бірден-бір әсерін тигізген фактор – ғылыми институттардың тек мемлекет тарапынан бөлінген грантқа өмір сүруі.

– Институттар өзін-өзі қаржыландыра алмайды. Сондықтан ол жақтағы ғалымдардың еңбекақысы төмен. Осының салдарынан ғалымдар институттардағы жұмысын тастап кетті. Сосын ғалымдардың арасында да жалған диплом алатындары бар. Олар ғылыми еңбектерін өтірік қорғап, ғылыми дәреже алғанымен, жобаны ары қарай алып жүруге дәрмендері жетпейді, – дейді Азамат Ешмұхаметов.

ҚАРЖЫНЫҢ АЗДЫҒЫ – ҒЫЛЫМҒА ТҰСАУ

Қазір ғалымдар ойлап тапқан жаңалықтар еліміздегі 7 маңызды салаға белсенді түрде енгізіліп жатыр. Атап айтсақ, ауыл шаруашылығындағы енгізіліп жатқан жобалардың үлесі 33,65 пайыз, денсаулық сақтауда 14,5 пайыз, химия өнеркәсібінде 11,8 пайыз, цифрландыру саласында 7,7 пайыз, металлургия және металл өңдеуде 5 пайыз, энергетика кешенін жаңғыртуда 5 пайыз және экологияда 5 пайызды құрайды. Бірақ профессор Тілекқабыл Рамазанов бұл көрсеткіштен де жоғары жетістікке жетуге болатынын айтты.

– Қазір ғылымға қаржы бөлініп жатыр. Бірақ солардың барлығы дерлік ғалымдарға жетіп жатқан жоқ. Дамыған елдер ІЖӨ-нің 2-3 пайызын ғылымның дамуына бөледі. Ал біз жыл сайын ІЖӨ-нің 0,13 пайызын ғана ғылымға бөлеміз. Сондықтан әлемдік деңгейге сай қаражат бөлуіміз керек. Сонда ғана біз ғылымнан халықаралық дәрежедегі нәтижелерді алатын боламыз. Ғалым ретінде айтсам, қазір бөлінетін гранттық қаржы ғылым саласы үшін аз. Ғылым туралы қабылданатын жаңа заңның талқылауына қатыстым. Бірақ мәселенің барлығы ғылым саласына бөлінетін қаржының аздығына келіп тіреледі. АҚШ пен Германия ғылымға ІЖӨ-нің 3-4 пайызына дейін бөледі, – дейді Тілекқабыл Рамазанов.

Оның пікірінше, биотехнология, IT технология мен нанотехнологияның дамуына ден қоюымыз керек. Нанотехнология негізінде жаңа материалдар алуымыз қажет. Ол үшін ең бірінші, іргелі ғылымдарды дамыту маңызды. Біз осы жағынан артта қалып отырмыз. Себебі біз ғалымдардан бірден нәтиже сұраймыз. Ал іргелі ғылым дамымай, ғылымда нәтиже болмайды. Жалпы іргелі ғылым қолданбалы ғылымның дамуына әсер етеді. Ол өз кезегінде инновациялық ғылымға ұласып, экономикаға пайдасын тигізеді. Ел дамимын десе, бірінші экономиканы қолға алуы керек. Бірақ экономика ғылым мен инновацияға негізделуі керек. Сонда ғана еліміз дамиды. Әлемдік тәжірибені алып қарасақ, дамыған мемлекеттердің бәрі бірінші ғылымға көңіл бөлген. Мысалы, Израиль – ғылым саласына ең көп қаражат бөлетін ел. Жалпы ішкі өнімнің 4,6 пайызын бөледі. Ал Швеция – 4 пайыз, Жапония – 3,4 пайыз, Ресей – 1,27 пайыз. Бізде ше?

Бұл көрсеткіш соңғы жылдары жыл сайын төмендеуде. 2019 жылы 0,12% болды. Бұл – бес жылдағы ең төменгі көрсеткіш. Ал 2020-2022 жылдарға арналған ғылымды қаржыландыру көлемі екі есеге жуық өсті. Ғылым саласын одан әрі дамыту үшін қаржыландыру мөлшері ЖІӨ-нің ең болмағанда 0,5 пайызын құрауға тиіс. Бұған дейін жауапты министрлік «2025 жылға қарай ғылымды қаржыландыру ІЖӨ-нің 1 пайызын құрайды» деп айтқан еді. Ендеше қазақ ғылымының ертеңі қалай боларын уақыт көрсетеді.

МОНОҚАЛА: ҮМІТ ШАМЫ ҚАЙТА ЖАНДЫ...

Бүгінде елімізде 89 қала бар болса, олардың 27-сі моноқала санатына жатады. Бұл қалалардағы тұрғындар саны – 1,5 млн адамға жуық. Моноқалалар өндірістік өнеркәсіп өнімдерінің 40 пайызға жуығын өндіреді. Мұнай-газ, металлургия, химия өнеркәсібі және энергетика саласындағы ірі кәсіпорындарымыз сонда шоғырланған. Алайда бұл қалаларда шешімін таппай келе жатқан түйткілдер аз емес.

Наурызбек САРША

Мәселен ең маңызды проблемаларға негізгі салалардағы бәсекеге қабілеттіліктің жоғалуы, тұрғын үй және көлік инфрақұрылымы сапасының төмендігі, жалақының төмендігі және жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы жатады. Аталған мәселелерді шешу үшін Мемлекет басшысы моноқалаларға қатысты мемлекеттік саясатты қайта қарау, олардың одан әрі дамуына және ең бастысы, онда тұратын азаматтарға қолдау көрсетуді тапсырған болатын. Осыған орай соңғы уақытта үкімет моноқалаларды дамытуға айырықша көңіл бөліп келеді. Бұған күні кешегі ел үкіметінің Жаңатас, Қаратау және Риддер қалаларын 2023-2027 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған кешенді жоспарын бекіткендігі дәлел.

МОНОҚАЛАЛАРҒА 1,7 ТРЛН ТЕҢГЕ ЖОСПАРЛАНҒАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде 27 моноқаланың әрқайсысының тұрақты экономикалық өсімнен бастап тоқырауға дейін даму перспективалары әртүрлі екенін атап өткен еді. Олардың кейбірі нарыққа бейімделіп, экономикасын әртараптандырып үлгерді. Осыған байланысты Ұлттық экономика министрлігі моноқалаларды дамытуда кешенді тәсілді қолдану мақсатында, сондай-ақ жаңа шараларды жүйелеу және іске асыру үшін тиісті Жол картасын әзірлеп жатыр екен. Жол картасында Моноқалаларды мемлекеттік қолдау шараларының бірыңғай тізбесін, Әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді жоспарларын әзірлеу, индустриялық аймақтар мен озық даму аумақтарын құру және тағы басқа мәселелер көзделген.

Ал кешегі бекітілген кешенді жоспар бойынша 10 моноқаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бойынша нақты мақсаттар белгіленді. Бұған дейін министрлер кабинеті Алтай, Арқалық, Балқаш, Жітіқара, Лисаковск, Серебрянск және Степногорск қалалары бойынша кешенді жоспарлар қабылдаған еді. 10 кешенді жоспар аясында 608 тармақтан тұратын іс-шараларды іске асыру көзделген: денсаулық сақтау, білім беру, спорт, инженерлік инфрақұрылым, шағын және орта бизнес, агроөнеркәсіптік кешен нысандарын салу және жөндеу, заманауи жабдықтарды сатып алу қарастырылған. Осы мақсаттарға 1,7 трлн теңге жоспарланған.

«Мысалы, Жаңатас қаласында республикалық және жергілікті бюджет, сондай-ақ басқа да көздер есебінен 75 іс-шараны іске асыруға 3 млрд теңгеден астам қаражат жоспарланған. Қаратауда шамамен 50 млрд теңге – бюджеттен тыс ақша. Арқалық қаласында Маятас кластерінің кен орындарына геологиялық зерттеу жүргізілгеннен кейін тау-кен байыту комбинатын салу жоспарланып отыр. Құны 315 млрд теңге болатын жоба 1,2 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Арқалықты әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді жоспары Қостанай облысының Амангелді және Жангелді аудандарын дамыту жөніндегі іс-шаралармен толықтырылған», – дейді Үкіметтің баспасөз қызметі.

Сонымен қатар Үкімет баспасөзі Балқаш қаласында Кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде өнеркәсіп өндірісінің нақты көлемінің индексі 8,5%-ға, өңдеуші өнеркәсібінің үлесі 90%-дан кем емес өсіп, негізгі капиталға салынған инвестиция 57 млрд теңге болады деп күтіліп отырғанын хабарлады. Сондай-ақ шағын және орта бизнес нысандарының саны, олардың өнімдерінің көлемі және жұмыс орындары біраз көбеймек. Ал әуежай реконструкцияланғаннан кейін туристер ағыны мен іскерлік белсенділік 4 есе артады деп болжанып отыр. Енді 2027 жылға дейін атмосфераға таралатын зиянды шығарындылар 78,5 мың тоннадан 50,2 мың тоннаға дейін азаяды деп күтілуде.

Ақмола облысының Степногор қаласына келсек, өнім шығаруды 71 млрд теңгеден 90 млрд теңгеге дейін, ал ауыл шаруашылығындағы ЖІӨ көлемін 10%-ға арттыру көзделіп отыр. 3,5 мың жаңа жұмыс орны құрылатын болады. Медицина қызметкерлері жаңа медициналық колледжде дайындалатын болады. Орталық қалалық ауруханаға күрделі жөндеу және техникалық жарақтандыру жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ жылумен және электрмен жабдықтау мен кәріз желілерінің тозу деңгейін төмендету жоспарланып отыр. 15 аула аумағын абаттандыру есебінен балаларға қолайлы жағдай жасалады.

Жалпы экономиканы әртараптандыру мақсатында 5 моноқалада 2 806 жұмыс орнын аша отырып 214,3 млрд теңге сомаға 14 «зәкірлік» жоба іске асырылуда.

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ ІСКЕ АСУЫ БАҚЫЛАУДА БОЛМАҚ

Жалпы «AMANAT» партиясы жанындағы Өңірлік даму жөніндегі республикалық кеңестің отырыстарында осы моноқалалардың әлеуеті мен болашағы туралы аз айтылып жүрген жоқ.

Онда кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиев барлық моноқаладағы коммуналдық инфрақұрылымның тозығы жетіп тұрғанын айтып келген еді. Сонымен қатар ол депутат ретінде үкіметке Алтай, Балқаш, Жаңатас, Қаратау, Лисаковск, Риддер, Серебрянск, Степногорск және Арқалық сияқты 10 моноқаланы әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспарларын бекітуді жеделдету қажеттілігі туралы депутаттық сауал жолдаған болатын. Осы мәселе бойынша Берік Бейсенғалиевпен байланысып, пікірін сұрадық.

«Моноқалалар мәселесі маған етене таныс. Сайлауалды науқан кезінде халықпен кездесулер барысында жиналған өтініш тілектердің басымдығы елдің әлеуметтік жағдайына байланысты болды. Оның ішінде моноқалалардың әлеуеті мен болашағы мәселелері бар. Аталған сұрақтар «AMANAT» партиясының жанындағы Өңірлік даму жөніндегі республикалық кеңестің уәкілетті мемлекеттік органдар мен моноқалалар өкілдерінің қатысуымен өткен маусымдағы отырысында көтерілген. Оның қорытындысы бойынша жауапты атқарушы органдарға барлық моноқалаларға тән проблемаларды жүйелі түрде шешуді бастау ұсынылған. Моноқалаларға сапар кезінде көзіміз жеткені, кейбір сұрақтар уақыт күттірмей шешуді қажет етеді. Мәселен, Арқалық қаласындағы жылу электр станциясының жұмысы. Қыс басталмай қала тұрғындары жылумен толық қамтылуы қажет. Арқалық жылу электр станциясының жұмысын өткен сапарларым кезінде де бақылап, қадағалауға алдым. Нысанның жұмыс істеу кезінде көптеген ақаулар шыққаны туралы да жазғанмын. Энергетика министрі Сатқалиев мырзаға да осы жағдай туралы депутаттық сауал жолдап Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің өкілдерін Арқалыққа жіберуін сұрап едім. Министр жедел түрде тиісті комитет қызметкерлерін Арқалық қаласына жіберіп, тексеру жұмысын жүргізді», – дейді ол.

Сонымен қатар депутат енді қажетті кешенді жоспарлар қабылданғаннан кейін олардың іске асуын жіті бақылауға алатынын айтты.

«Мемлекет басшысын елдегі моноқалалардың жағдайы алаңдатып отырғанын жыл сайынғы Жолдаудан байқауға болады. Биыл Мемлекет басшысы елді су, газ және сапалы жолдармен қамтамасыз етуге басымдық беріп отыр. Ол үшін жауапты министрліктер де құрылды. Сондай-ақ, халықты баспанамен қамту жолдарын да көтерді. «Отбасы банктің» қызметін қайта қарау керек. Ел президенті: «басты назарды облыс орталықтарына ғана емес, аудандарға, моноқалаларға және ауылдарға аударған жөн», – деген еді.

Қазір, моноқала тұрғындарын алаңдататыны баспана және жұмысыссыздық мәселесі. Осы себепті, көптеген тұрғындар үлкен шаһарларға көшуге мәжбүр. Ол жасырын мәселе емес. Бұл мәселенің алдын алу үшін халық үніне құлақ түрілуде. Мәселен, өткен жылы шағын қалаларды сумен қамтамасыз ету үшін 16 млрд, жылуға 25 млрд теңге бөлінді. Бұл, әрине, қазір толық қамтуға жеткіліксіз. Әлі де жұмыс жүргізуді талап етеді. Ауылдағы ағайынға қолдау қажет. Инфрақұрылымы мен әлеуеті дамыса, моноқалаларымыздың жойылып кету қаупі сейілетін еді», – дейді мәжілісмен.

МОНОҚАЛАЛАРДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАНДАЙ?

Моноқалалардың ең негізгі проблемалары – негізгі салалардағы бәсекеге қабілеттіліктің жоғалуы, тұрғын үй және көлік инфрақұрылымы сапасының төмендігі, жалақының аздығы және жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы. Көпшілігінің әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны бәсең. Сонымен қатар халық санының кемуі де бөлек мәселе. 2000 жылдары бұл қалаларда 3 млн адам тұрған болса, қазір 1,4 млн халық тұрады. Деректерге сүйенсек, шаһарлардағы халық санының өсімі аса жоғары емес. Ұлттық экономика министрлігінің ресми мәліметінде моно және шағын қалаларды қоса есептегендегі халық саны 2009-2019 жылдар аралығында бар-жоғы 52,5 мың адамға көбейгені көрсетілсе, осы жылы Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков моноқалалардағы халық санына да жеке тоқталған бір сөзінде: «Моноқалалардағы демографиялық жағдай көші-қон ағынымен және халық санының төмендеуімен сипатталады. Осылайша, 7 жылда көші-қонның теріс сальдосы 336-дан 13 088 адамға дейін өсті, ал моноқалалардың халқы 2,5%-ға қысқарды. 2030 жылға дейінгі демографиялық болжамға сүйенсек, 16 моноқалада халық саны 40 мың адамға, яғни 821 мыңнан 741 мыңға дейін азаюы ықтимал. Болашақта Серебрянск және Қаражал сынды кейбір моноқалаларды ауылға айналдыру мәселесі туындауы мүмкін», – деген еді.

Ал экономист Бейсенбек Зиябековтің пікірін сұрағанымызда ол ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру ісіне басымдық беру керектігін айтты. Сонымен қатар моноқалаларда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін кәсіпорындар көбірек салынуы тиіс деп санайды. Бұл өз кезегінде қаланың дамуына серпін беретін маңызды фактор екенін айтқан ол шағын және орта кәсіпті дамыту да көптеген түйіткілдің шешілуіне ықпал етеді дейді. «Үкіметтің моноқалалардағы аталған жағдайға көңіл бөлуі, әрдайым назарда ұстауы орынды. Моноқалаларды олармен іргелес жатқан ауылдардан жеке бөліп алып қарастыруға болмайды. Барлығы кешенді түрде қамтылып қарастырылуы керек. Сонда ауыл мен қала арасындағы үзіліп қалған жіп қайта жалғанады. Моноқала да, ауыл да қатар дамиды. Бизнес саласы біраз шаруаны реттеп береді деп ойлаймын. Бізде үлкен, шағын және орта бизнестердің әрқайсысы өз қазанында ғана қайнап жатыр. Араларында байланыс жоқ. Осыны реттеу керек. Сонда ірі бизнес орта бизнеске, орта бизнес ірі бизнеске қызмет көрсететін болды. Ауыл мен қаланы да осылай жалғастырамыз, – дейді Бейсенбек Зиябеков.

ТҮЙІН:

Үкімет моноқалалардың мәселесіне 2012 жылдан ғана назар аудара бастады. Өйткені шағын қалалардағы жағдайды реттей алмаса, ондағы мәселелер ушыға беретінін жақсы түсінді. 2012 жылдың мамыр айында «2020 жылға дейін Моноқаларды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Бұл құжат аясында 27 моноқала іріктеліп алынып, оларды қолдау бұрынғы өңірлік даму бағдарламаларынан бөлек, өз алдына дербес қарастырылды. Ұлттық экономика министрлігінің Өңірлік даму департаменті директорының орынбасары Нұрлан Құдияровтың жыл басындағы мәліметінше, 2012-2022 жылдары моно және шағын қалаларға жалпы сомасы 103,9 млрд теңге жұмсалған. Енді кешенді жоспар бойынша тағы да қомақты қаржы бөлінбек. Мемлекеттің тұрақты дамуы – қалалардың тұрақты дамуынсыз мүмкін емес. Ендеше моноқаларды дамыту – еліміздің әл-ауқатын арттырумен тең болмақ.

УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦЕЙДІҢ БІР КҮНІ

Кейінгі жылдары заңгерлер мен құқық қорғаушылар түрмедегілердің санын азайту туралы жиі мәселе көтеріп келеді. Мамандардың ұсынысына келгенде қоғамның пікірі екіге жарылады. Бірі – абайсызда жасалған қылмыс үшін темір торға тоғыта бергенше, бостандықта жүріп қателіктен сабақ алғанын құп көреді. Екіншілері – түрмедегілерді қолдан азайтып, қылмыскерге жеңілдік жасалса, жәбірленушінің құқығын аяққа таптаумен бірдей дегенді алға тартады. Бұдан шығатын қорытынды сол, сотталғандардың санын қылмыстың салдарымен емес, себебімен күресіп қана қолға алған әлдеқайда оң секілді. Бұл дегеніңіз – қоғаммен серіктестікте жұмыс істеп, тұрғындардың шағымына тұрақты түрде құлақ түрудің маңызын көрсетеді. Президент те үнемі айтып жүрген сервистік полицияның міндеті де осы. Яғни, құқықбұзушылыққа нөлдік төзімділік танытқан қоғамда әлгіндегідей түсінбеушілік туындамасы анық. Осы орайда біз жеті жыл бұрын қолданысқа енгізілген жергілікті полиция қызметінің жемісті жүзеге асып жатқанын өз көзімізбен көру үшін мамандығымызды ауыстырып, бір күнімізді учаскелік полиция инспекторының жұмысына арнадық.

Жадыра МҮСІЛІМ

Учаскелік полицейдің күнделікті жұмыс күні таңғы жетіден басталады. Себебі олардың әрбір сағаты емес, әрбір секунды санаулы екенін қызметтік форманы киген сәттен бастап сезіне түстік. Азаматтық қызмет секілді жұмыс кестесі кіреберістен басталып кетпейтіні тағы бар. Мұндағы өзгешелік те сол, олар ішкі тәртіп ережесін қатаң сақтап, бірнеше тексерістен өтеді. Мәселен, сағат 8-ге дейін қызметкерлер психологтің алдынан өтуі тиіс. Алдына келген адаммен ашық сөйлесіп, тұрғындардың тілін табуда тұрақты көңіл күйде болу өте маңызды. Қызметкердің жан дүниесіндегі өзгеріс өзге адамдармен қарым-қатынас кезінде теріс әсер етуі мүмкін екені ерекше ескерілетіні де сондықтан. Көңіл күй қалпын анықтауға арналған тесттен кейін кадр бөлімі әрбір учаскелік полицейдің басынан бақайшығына дейін тағы қарап шығады. Қызметтік куәліктен бастап киім киісіне дейін ережеге сай болғанда ғана қаруланып сапқа тұруы қажет. Өйткені олар сөйлеген сөзі мен киген киімі арқылы да адамдарды дұрыс жолға бағыттай алатынын қаперде ұстаған жөн. Міне, осындай күнделікті тәртіпке сәйкес, полицейлермен бірге тексерістен өткен соң Астана қаласы ПД Есіл ауданы полиция басқармасы бастығының бірінші орынбасары, подполковник Азамат Садықовтың күн тәртібіндегі қысқаша нұсқамасымен таныстық. Осы аралықта бөлім басшылары қосымша тапсырмаларды қызметтік кабинетте пысықтап, жедел мәселелерді күн тәртібінде талқылап та үлгеріп жатты. Таңғы таратылымнан кейін кезекші бөлім инспекторының бұйрығымен Есіл аудандық полиция бөлімі, Жергілікті полиция қызметінің учаскелік инспекторы, аға лейтенант Ерболат Мақажановпен бірге қызметімізді атқаруға кірісіп кеттік.

ЖҰМЫСТЫҢ 99,9 ПАЙЫЗЫН АТҚАРАДЫ

Учаскелік полицейдің жүктемесі көп, міндеті ауыр. Өйткені Ішкі істер министрлігі ғана емес, жалпы құқық қорғау органдарының ішінде олардың қоғамдағы жауапкершілігі жоғары. Егер тұрғындардың тыныштығы сақталып, арызданушылар азайса, жедел уәкілдің жұмысы жеңілдеп, тергеушінің түнгі ұйқысы тыныш болады. Құқықбұзушылыққа қарсы қоғамның иммунитеті артса, айып тағатын прокурордың міндеті азайып, судья сот үкімін шығармаған болар еді. Түсіндірме жұмысы тиімділігін көрсетсе, әлгінде айтқандай түрме халқының қатары да сирейтіні анық. Сол үшін де оларға өзге әріптестерімен салыстырғанда тұрғындардың тілін тауып, қайнаған тіршіліктің күретамырын басу жүктеледі. Қылмыссыз қоғамның алғышартын жасайтын учаскелік полицей жүйеленбеген жұмыс күнінде қатерге басын тігіп, тұрғындардың тыныштығы үшін тікеден тік тұрып қызмет етеді. Демек, бұл лауазым иелерінің арасында жеке бастың қамы үшін қызметке құмартып келгендерден қарағанда, жүрек қалауымен жұмысқа тұрып, өмірін қоғам тыныштығы жолына арнағандар көп.

«Күн сайын жұмысқа кіріспес бұрын тапсырмаларды пысықтаймыз. Учаскелік полицейлерге ең алдымен уақыт күттірмейтін маңызды тапсырманы алдыңғы кезекте атқару талап етіледі. Алайда бұл кейбір міндеттерді асықпай қарауды білдірмейтінін түсіну керек. Өйткені жұмыс кестесінде қосымша арыз-шағымдар бойынша да атқарылатын міндет жетерлік. Мысалы, алдына түскен арыздан бөлек, сырттан келетін ақпараттар бойынша да тексеріс жасауға тиіс. Жоспарлы түрде жүргізетін күнделікті тапсырмасынан бөлек, әртүрлі жедел алдын алу шараларына да қатысу жүктеледі. Олардың негізгі жұмысы – тұрғындармен тығыз қарым-қатынас орнатып, қоғамдағы құқықбұзушылықтың алдын алу», – дейді Азамат Садықов. Айталық, «Ішкі істер органдары туралы» заңда көрсетілген құқық қорғау қызметкерлері атқаруы тиіс міндеттің 99,9 пайызы учаскелік полиция инспекторларының мойнына артылады. Тіпті, тұрғындардың талап-тілегінен бөлек, құжаттарын уақытында айырбастауқажеттілігін де қаперге салатын қызметті де қоса атқарады.

Өзіме бөлінген аумақтың учаскелік полицеймен бірге «Времена года» тұрғын үй кешеніндегі көпқабатты үйлердің ауласын аралаудан бастадық. Серіктесім екеуіміздің жұмысымыз тұрғындармен тілдесіп, МИБ-не жауаптыларға жолығу болды.

Тұрғындар тарапынан айтылып жатқан ұсыныс-тілекті өз уақытында тыңдаудың себебі бар. Мәселен, ауладағы адамдардың жүріс-тұрысы мен әрбір әрекеті меншік иелері бірлестігінің назарынан тыс қалмайды. Сондықтан учаскелік полицей олармен үнемі байланыс ұстауға тиіс. «Біз учаскелік инспекторымызбен тұрақты түрде жұмыс жүргіземіз. Көмек қажет болған жағдайда бір-бірімізге қолдау білдіреміз. Мысалы, тұрғын үй кешеніндегі тыныштықты бұзған ұрыс-керіс, төбелес, ұсақ құқықбұзушылықтар болса, бірден учаскелік полицейге шығамын. Ары қарай ол құқық бұзушымен түсіндіру жұмысын жүргізу, әкімшілік айыппұл салумен айналысады. Осы жерде екі жылдан бері жұмыс істеп жатырмын. Өз аумағымыздағы тәртіп пен тыныштықты сақтауда атқарылып жатқан жұмысты оң бағалаймын», – дейді тұрғын үй кешенінің менеджері Алма Сейітова.

ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС КЕСТЕСІ ЖОҚ

Бұдан кейін ауладағы дүкен мен кіреберістердегі ақпарат тақтасына брошюларды жапсырып, визитка тараттық. Бұл процесс те полицейдің күнделікті атқаратын жұмысының бірі. Себебі тұрғындардың арасында қоныс аударып келген адамдар болса, өз полицейін жақынырақ танығаны дұрыс. Әріптесімнің өзіне бекітіліп берілген осынша тапсырманы орындауға қалай үлгеріп жүргені қызығушылығымды тудырды. Шыны керек, тұрғын үйлерді табаннан таусылып жаяулата жүруге жарты күннің өзінде шаршап қалғаным да рас. «Менің мойнымда 100-ден аса міндет бар. Оның барлығын бір күнде орындау мүмкін емес. Дегенмен мүмкіндігінше арыз-шағымдарды тексеріп, тұрғындардың талабына құлақ түруім керек. Осы үйдегі еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін назарымда ұстаймын. Шартты мерзімнен бұрын босатылған адамдар мен қорғау нұсқамасы шығарылғандарды айына үш рет ескертусіз кешкі уақытта барып тексеремін. Кейде ойын балалары да әртүрлі тәртіп бұзушылық жасайды. Ондай кезде балалар мен олардың ата-анасына түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Қажет болған жағдайда ата-анасына жауапкершілік жүктеледі. Кейде ювеналдық полициямен бірге жұмыс істеу қажет болады. Жасөспірімдер арасында түнгі оннан кейін аулада жүретіндер немесе суық күндері жылы жерге кіріп алатын қаңғыбастар бар. Сондықтан әрбір көпқабатты үйді тексергенде жеделсатымен емес, жаяу аралап шыққанды құп көремін. Себебі кейбір тұрғындар кіреберісте тұрып темекі мен есірткі шегуі мүмкін. Оның үстіне, тұрғындардың ортақ чаттарында да отырмын. Сол жердегі айтылған сын-ескертпелерді де ескеріп, уақытында шешудің амалын қарастырам. Қазір тұрғындар да құқықбұзушылыққа мүлдем төзбеушілік қағидасын қатаң сақтайды. Себебі менің телефон нөмірім әрбір тұрғында бар. Қандай да бір құқықбұзушылыққа жол берілсе құлақтандырып, мән-жайды баяндап беретін болды. Бұл тұрғындардың тыныштығы үшін өте маңызды. Екінші жағынан, менің де жұмысымды жеңілдетіп береді»,– дейді Ерболат Амангелдіұлы.

Радмир ФАХРУТДИНОВ (фото)

> *Тұрғындар тарапынан айтылып жатқан ұсыныс-тілекті өз уақытында тыңдаудың себебі бар. Мәселен, ауладағы адамдардың жүріс-тұрысы мен әрбір әрекеті меншік иелері бірлестігінің назарынан тыс қалмайды. Сондықтан учаскелік полицей олармен үнемі байланыс ұстауға тиіс.*

Учаскелік полицейдің тұрақты жұмыс кестесі жоқ. Бұдан бөлек, олар кезектесіп тәуліктік кезекшілікке түседі. 102 каналына түскен қоңыраулар бойынша тексеріс жүргізетін учаскелік инспекторлардың әр күні кішігірім күрес десе де болады. Өйткені тәртіп бұзған тұрғындар арасында агрессивті жауап қайтаратындар да, жағаға жармасып, есікті ашпайтындары да бар. Мәселен, аумақта жалға берілетін тәуліктік пәтерлерде жиі ши шығады екен. Көршілердің қоңырауы бойынша тексеріс жүргізілгенде түн тыныштығын бұзатын мұндай үйлерді жезөкшелік қызметке тапсырғандар да анықталып жатады. Өз кезегінде «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодекске сәйкес, пәтер иесі мен тәртіп бұзғандарға да жауапкершілік көзделеді.

Елордаға елдің әр бұрышынан қоныс тепкендер көп. Біздің аумағымыздағы «Времена года» тұрғын үй кешенінде 18 үй бар екен. Бір қарағанда элиталы ауданда тұратын зәулім үйдің ішіндегі тұрғындардың барлығы тәртіпті секілді. Алайда аулада отырған әжелермен әңгімелесу барысында ортақ тәртіпке бағынғысы келмейтін үлкен мен кіші де көп екенін аңғардық. Олардың айтуынша, ауладағы әсем гүлдерді жұлатын балаларға «әй» дейтін анасы, «қой» дейтін әкесі көрінбейді. Әжелердің әңгімесінен ұққанымыз көп жағдайда жалдамалы пәтердің иелері тұрғын үй кешенінің тәртібіне мойынұсынғысы келмейтін көрінеді. Тұрғындардың бұл ескертпесін өзімізге түртіп алып, жұмысымызды ары қарай жалғастырдық.

Тұрғын үй кешенінде қазір пробация есебінде тұратындар мен отбасылық жанжал бойынша қорғау нұсқамасы шығарылғандар бар. Бір күн бұрын отбасының тыныштығын бұзып, әйеліне қол көтерген тағы бір тұрғынға қорғау нұсқамасы шыққан екен. Серіктесіммен бірге отбасылық түсіндіру жұмысын жүргізу үшін ерлі-зайыптылар тұратын пәтерге бас сұктық. Ерлі-зайыптылармен түсіндіру жұмысын жүргізіп, заңның жаңа ережелері күшіне енгені туралы құлақтандырылды. Шілдеден бастап күшіне енген жаңа ережеге сәйкес, отбасылық жанжал екінші рет қайталанған жағдайда татуласу қарастырылмайды. Ал қорғау нұсқамасы шығарылған адам мекен жайын ауыстыратын болса, түсініктеме жазуы қажет екені айтылды.

ЕКІНШІ МАМАНДЫҒЫ – ПСИХОЛОГ

Жасөспірімдермен жұмыс істейтін ювеналдық полиция бар. Десе де, өз аумағындағы мектеп пен балабақша, ойын алаңдарындағы балалардың көңіл күйін де айтқызбай біледі екен. Сондықтан Ерболат Мақажанов ересектермен ғана емес, мүмкіндік болса балалармен де тілдесуге уақыт табуға тырысады. Ондай кезде баланың мінез-құлқындағы, бет-әлпетіндегі өзгеріс арқылы жан дүниесіне үңілуге, айтарына құлақ түруге де уақытын бөлу маңызды. «Кейбір ата-аналардың өздері баласымен сөйлескенімді қалап, өтініш айтатын кездері болады. Түсіндіру жұмысынан кейін дұрыс жолға түсіп, мінез-құлқында өзгеріс болғанын айтып алғысын айтып жататындар бар. Ешқандай шағым болмаса да тұрғындардың жағдайын сұрап-білуге уақыт бөлем. Кейде «қандай да бір сұрақтарыңыз бар ма?» деп әр үйге кіріп шығатын да кезім болады. Мұның да қажеттілігі бар. Мысалы, менің тәжірибемде тұрғындардың айтуымен тексеріс жүргізгенде көптеген құқықбұзушылықтың алдын алуға мүмкіндік туды. Бірде бір тұрғын көрші пәтерге жүріс-тұрысы күдікті, бұрын бұл жақта кездестірмеген адамдар келіп-кетіп жүргенін жеткізді. Тексеріп көргенде, шындығында да ешбір құжаты жоқ 6 тәжік азаматының елімізге рұқсатсыз кіргенін анықтадық. Ондай жағдайлар жиі болады. Себебі қазір қалаға құрылыс жұмысына келетін өзге елдің азаматтары көп. Тағы бірде әкімшілік аумағымда тексеріс жасап жүріп, ешқандай ақпарат түспеген бір пәтерге кірдім. Кірген жерде бұрыштағы сөмкеге көзім түсті. Тексеріс барысында есірткі затын анықтадық», – дейді ол.

Күнделікті қызметінде өміріне қауіп тудыратын келеңсіз оқиғалар да жиі болады. Әсіресе, сенбі-жексенбі күндері демалыс орындарында ішімдік ішіп, айтқанға көнбейтін демалушылар арасында өктем сөйлеп, заңға бағынғысы келмейтін де бар. Алайда айбат шегіп тұрған адамға барынша мәдениетті сөйлесуге тырысу керектігін айтқан Ерболат Мақажанов: «Біз кез келген жағдайда ұстамды болуымыз қажет. Бұл тек бізге ғана емес, қоғамдағы кез келген адамға қажетті мінез-құлық әдебінің ең бірінші ережесі болған жөн. Олай болмаса тұрғындардың тілегін білу қиындық тудырар еді. Мен өзімді кішігірім психологпін деп ойлаймын. Расында да, екінші мамандығым психолог секілді. Осы қызметке келгелі қасыма келген адамның жүріс-тұрысы мен көзқарасынан айтарын оқып, арыздағы жазуына қарап ары қарайғы мақсаты қандай екенін жақсы түсінемін. Егер адамдардың айтарын білуге құлықсыздық танытсаң, құқықбұзушылықтың алдын алу қиынға соғады. Күндіз естіп-білгенімді кешкісін ой елегінен өткізіп, әрбір тексерістен кейін талдау жасаймын. Байқағаным, түсіндіру жұмысын жүргізгеніне қарай, 102 каналына түсетін қоңырау да, шағым да азайған. Маған керегі де осы. Шешім шығарудан бұрын олармен қарым-қатынас орнатып, түсіндірме жұмысын жүргізу жемісті нәтиже берері анық», – дейді.

Учаскелік полицейдің психолог болуымен қатар, қажет кезде қорғана білетін физикалық дайындығы да мығым болуы шарт. Сол себептен аптасына бірнеше күн қоян-қолтық ұрыстан дайындығын шыңдап, спорт секцияларына қатысуына да уақыт беріледі. Өйткені патрульдік полиция полкімен бірге түнгі шақыртуларда өмірге қауіп төндіретін кездейсоқ қауіп-қатерден сақтану керек. Тіпті, тұрғын үйдегі тәртіпті қадағалау барысында да ескертпені елең қылмайтындардың барын жоққа шығаруға да болмайды.

Десе де, бір күнімізді арнаған учаскелік полиция лауазымы – жазалау емес, жұрттың қорғаны болу екенін аңғардық. Өйткені олар тоқтаусыз күнделікті халықпен байланыс орнатып, алғашқы шешімді қабылдайды. Ал шешімдерді қабылдау кезінде кәсібілікпен бірге, адамгершілік қасиет те алдыңғы кезекте талап етіледі. Сонда ғана тұрғындармен серіктестік орнату арқылы қоғамдағы мәселелерді шешуге бағытталған «Сервистік полицияның» стратегиясы жемісті жүзеге асары сөзсіз. Серіктесімнің өзіне бекітілген аумақтың тыныштығы үшін кірпік қақпай қызмет етуі қылмыстың алдын алып отырғанын дәлелдейтіні айғақ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, учаскелік инспектор – белгілі бір аумақтағы қылмысты болдырмауда, жергілікті халықтың мәселелерін шешуде, қылмыстың тікелей немесе жанама түрде алдын алуда, азаматтардың өмір сапасын арттыруда басты тұлға. Учаскелік полицейдің қылмыс болған сәтте емес, қажет кезде қасынан табылуы қоғамның санасын өзгертеді. Шындығында да, халықтың сеніміне басқаша ие болу мүмкін емес.

«Погонды журналист» жобасынан соң осындай ой түйдік.

САНЫ АСҚАН СОҢ САН СОҚТЫРДЫ

Соңғы бірнеше жыл ішінде Қазақ даласын еркін кезген киіктердің саны миллиондап өскені рас. Алайда бағзы заманнан киелі саналған сұлу жануардың көбеюінен ауыл шаруашылығы жылда күрделі жағдайға тап болып жатқаны тағы шындық. Еліміздің батыс, Солтүстік және орталық аймақтарында шаруалар биыл он мыңдаған алқаптың киіктердің тұяғымен тапталып кетуінің салдарынан қу тақырға айналғанын айтып зар илеп отыр. Шаш етектен шығынға батқан ірі шаруашылықтардағы диқан қауымының ендігі бар үміті тек мемлекеттен болатын қолдау ғана екені жасырын емес.

Соңғы деректер бойынша еліміздегі киіктердің жалпы саны 2 миллионға жетіп жығылған. Дала жануарынан биыл еліміздің шаруалары 8 миллиард теңгеге жуық шығынға батқан. Әсіресе, киіктер биыл Ақмола облысының астық алқаптарын да таптап тастады. Жыл сайын киіктердің шабуылынан мол шығынға бататын жергілікті шаруалар егіні үшін күн-түн демей күзетіп баққан. Алайда тұтас алқапты жау тигендей таптап өтетін киіктерден он мыңдаған гектар астық алқабын аман алып қалу мүмкін болмапты.

80 МЫҢ ГЕКТАРДАН АСТАМ ЕГІСТІК АЛҚАП ТАПТАЛҒАН

Ақмола облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының деректеріне сенсек, осыдан екі жыл бұрын 40 мыңға тарта болған киіктердің өңірдегі былтырғы санақтағы саны 80 мың бастан асып жығылған. Ал биыл аудан әкімдіктері берген мәліметтерге қарағанда жосылған киіктердің саны 200 мыңнан асқан.

Бір жағынан толассыз жауған жаңбырдан кейін астықты ора алмай, екіншіден киіктерден жаппай жапа шеккен шаруалар ашы жанайқайын жеткізе бастады.

– Ала жаздай егінді киіктерден қорып, күні-түні көз ілмедік десек те болады. Киіктерді атуға болмағандықтан тек қуып-үркітіп қана амалдаймыз. Алайда қаптаған киіктердің шабуылына еш қарсы әрекет жасау мүмкін болмады. Біздің қалай киіктермен арпалысып жатқанымызды ешкім көріп те жатқан жоқ. Атуға болмайды. Қорғауға алынғандықтан 7 миллион теңгеге дейін айыппұл салынады. Күні-түні көлікпен егіннің басында қонып, аттылы, мотоциклшілерді жалдап, кезекшілікпен күзетіп келдік. Киіктердің санын міндетті түрде реттеу қажет деп санаймын. Қазір киіктермен арпалысатын күш қуатымыз да қалмады. Шамамыз жетпейді. Киіктер ауылдың ішіне де кіріп кетіп жатыр, – дейді «Қаражар Агро» ЖШС-ның басшысы Валерий Петров.

Ақмола облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының дерегінше, өңірде жалпы көлемі 80 мың гектардан астам егістік алқап киіктердің шабуылынан зардап шеккен. Оның ішінде 63 857 гектар бидай, 4 400 гектар арпа, 4 725 гектар зығыр алқабы тапталып кеткен. Әсіресе, Егіндікөл ауданы аумағындағы егістік алқаптардың жағдайы аса алаңдатарлық. Мұнда жалпы көлемі 40 мың гектардан астам егістік алқапты киіктер тып-типыл еткен. Сондай-ақ Жарқайың ауданында 9 500, Атбасар ауданында 17 мың, Қорғалжында 45 мың гектардан астам, Жақсы ауданында 3 мың гектар, Целиноград ауданында 300 гектар алқап тұтастай бүлінген.

Шығынға белшесінен батқан шаруалар Үкіметтен шағын несие компанияларынан алынған несиелері мен лизингке алған ауыл шаруашылығы техникаларға пролонгациялауға яғни несиелеу мерзімін ұзартуға ықпал етуді сұрап отыр.

ЖАУЫН-ШАШЫННАН МАСАҚ БАСЫ КӨКТЕП КЕТКЕН

Мамандар сонымен қатар нағыз жиын-терім басталар шақта толассыз жауған жаңбырдың салдарынан киіктен бөлек тағы бір аса ірі мәселе шыққанын ашына жеткізді. Жаңбырдың салдарынан өңірде екі аптадан астам уақыт бойы егін орағы мүлде тоқтап қалған. Ылғалдылықтың шамадан тыс мол болуының салдарынан масақтың басынан көгерген жаңа өскін шыға бастаған. Бұл егіннің сапасының төмендеп кетуіне яғни тағы да қарапайым шаруалардың еткен еңбегінің зая кетуіне ықпалын тигізіпті.

– Егіннің жайы биыл қиын болып тұр. Киіктер жаз бойы аудан аумағындағы 40 мың гектардан астам алқапты түгелдей таптап кеткен. Шаруалар шаш етектен шығынға батты. Ал дәл қазір бұдан да күрделі мәселе шығып тұр. Екі апта бойы тоқтамай жауған жаңбырдың салдарынан бидай масақтары басынан көгеріп, жаңа өскін шығып кетті. Яғни астықтың сапасы мүлдем жарамай, тек малға азық болады деген сөз. Қазіргі уақытта аудан аумағындағы шаруашылықтарды комиссиялық тұрғыда аралап көріп, егістік алқаптарын аралап жүрміз. Шаруалар банктерден алған несиелері мен лизингтік техникаларының мерзімін ұзарту үшін пролонгация сұрап отыр. Үкіметтен қолдау күтудеміз, – дейді Егіндікөл ауданы ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Жарасбек Жақанов.

Егістік алқабындағы жағдай облыс әкімдігін де назардан тыс қалдырмайтынын, егінді шашау шығармай жинауға барынша назар аударылатынын мәлімдеді. Алайда шығынға батқан шаруалар Үкіметтен назар аударылмаса, мүлдем банкротқа ұшырауы мүмкін екенін айтып, дабыл қағуда. Түйін қалай шешілмек? Бұл мәселе Үкімет пен тиісті министрліктердің назарына ілікпесе, елде нан мен бидайдың да құны аспандап кететіні анық...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

БАҚТЫҢ БАБЫН ТАПҚАН

Сарқан ауданының топырағы шұрайлы, егістіккеде, малшаруашылығына да аса қолайлы. Онымен бірге аудандағы таулы өңірде жеміс-жидектің неше түрі өседі. Алмалы ауылдық округіне қарасты Абай ауылы да осындай таудың шыбық шаншысаң тал болып өсетін құнарлы баурайында орналасқан. Таудың сай-саласын айтпағанда, ауыл тұрғындарының аулалары да жеміс ағаштарына тұнып тұрады. Бақтың бабын тауып, бала-шағасын бағып отырғандар да баршылық. Солардың бірі – ауыл маңындағы 10 гектар аумақты алып жатқан алма бағын жайнатып отырған «Мұхит» шаруа қожалығының басшысы Қалел Сасанбаев.

– 1992 жылы шаруашылықтар тарап, әркім өз қара басын күйттеп кеткен кезде «Энергия» колхозының төрағасы Нұртай Танабаев күтімсіз қурап қалған алма бағын аман алып қалу мақсатында жауапкершілігі мол жұмысты маған тапсырды. Бригада жасақтап, нартәуекел деп іске кірістік. Ескі ағаштарды отадық да, орнына алма, алмұрт ағаштарын отырғыздық. Сыртынан айналдыра арық қазып, атыздарды жүйелеп, бар уақытымызды жеміс ағаштарын күтіп-баптауға арнаған едік, бірер жылда бау-бағымыз бүршік жарып, жеміс бере бастады, – дейді бүгінде еңбегінің жемісін жеп отырған Қалел Сасанбаев.

Қалел ағамыз – «Энергия» колхозында 1964 жылдан еңбекке араласып, 1996 жылы шаруашылық тарағанша маңдай терін төгіп, біршама жетістікке жеткен нағыз еңбек адамы. Колхоздан кейінгі Абай ауылындағы өндіріс кооперативке де бау-бақ шаруашылығын дамытуға өзіндік үлесін қосты. Кейіннен жекешелендіру науқаны басталғанда оның үлесіне тиіп, меншігіне өткені де осы алма бағы болатын. Бағбандықтың бейнеті мол қам-қарекетін атқарып, қиындығын еңсеріп жүріп қожалықтың қатардан қалмауына қол жеткізді. Экологиялық жағынан таза да дәмді жемісті көтере сатып алатын тұрақты тұтынушылары қалыптасты. Қожалық иелігінде бүгінгі таңда бау-бақпен қатар егістік алқапты игеріп, асыл тұқымды мал да өсіріп отыр.

> *Бағбандықтың бейнеті мол қам-қарекетін атқарып, қиындығын еңсеріп жүріп қожалықтың қатардан қалмауына қол жеткізді. Экологиялық жағынан таза да дәмді жемісті көтере сатып алатын тұрақты тұтынушылары қалыптасты.*

Қалел Сасанбаев 1971 жылы Талдықорғандағы индустриалды –педагогикалық техникумды бітірген. Еңбек жолын механизаторлықтан бастады. Біраз жыл еңбек қауіпсіздігі жөнінде инженер, кейіннен бригадир болып істеді. Замандастарының айтуынша, қандай жұмыс тапсырылса да тек жақсы жағынан танылып, көрінген. 1983 жылы колхозға Т-16 М тракторлары келе бастайды. Техниканың тілін әбден меңгерген, ақауын бірден анқаратын білікті маман жаңадан шыққан трактордан 11 түрлі олқылық тауып, барлығын бүге-шігесіне дейін қағазға түсіріп, Харьков трактор зауытының конструкторлық бюросына бірқатар нақты ұсынысын жолдайды. Араға екі ай салып, зауыттан жауап та келеді. Украиналық зауыттың конструкторлары қазақстандық қарапайым механизатордан кешірім сұрап, ұсыныстардың ескерілгенін, атап көрсетілген олқылықтардың бәрі жөнделгенін, соның нәтижесінде техниканың жаңа партиясы механизаторларға барынша қолайлы болатынын жеткізген екен.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Комитет лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан объявляет конкурс на занятие вакантной должности Генерального директора Республиканского государственного казенного предприятия «Казахская база авиационной охраны лесов и обслуживания лесного хозяйства»

Требования к участникам конкурса: высшее (или послевузовское) образование по соответствующему направлению подготовки кадров: лесное хозяйство (лесные ресурсы и лесоводство), наличие свидетельства летчика- наблюдателя, стаж работы на руководящих должностях в соответствующей профилю организации не менее пяти лет.

Дата начала приема документов у лиц, претендующих на участие в конкурсе, определяется со дня размещения объявления о проведении конкурса в средствах массовой информации. Прием документов для лиц, претендующих на участие в конкурсе, заканчивается по истечении пятнадцати календарных дней со дня объявления о проведении конкурса в средствах массовой информации.

Необходимые для участия в конкурсе документы:

1) заявление об участии в конкурсе;

2) резюме на государственном и русском языках;

3) копии документов об образовании;

4) документы, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан;

5) справка по форме № 075/у «Медицинская справка (врачебное профессионально-консультативное заключение)», утвержденной приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 октября 2020 года № ҚР ДСМ-175/2020 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 21579);

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, относительно его образования, стажа работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикации, а также рекомендации от руководства с предыдущего места работы и т.п.)

Место нахождение РГКП «Казахская база авиационной охраны лесов и обслуживания лесного хозяйства»: город Алматы, улица Керей – Жәнібек хандары 259, тел:8-7272-71-64-86, airbar@list.ru. Целью деятельности Предприятия является выполнение работ по авиационной охране лесов от пожаров, защите от вредителей и болезней, обслуживанию лесного и охотничьего хозяйства.

Дата и время проведения конкурса на занятие вакантной должности будут сообщены кандидатам. Собеседование с кандидатами участвующими в конкурсе будет проводиться в онлайн формате, через приложение ZOOM, прием документов необходимых для участия в конкурсе, будет проходить по следующему адресу: 010000, город Астана, Левый берег, проспект Мангилик ел, дом 10, Дом министерств, 13 подъезд. Телефон для справок 8-7172-74-10-97, s.aldazhumanova@ecogeo.gov.kz.

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Қазақ ормандарды авиациялық қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсету базасы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бас директоры бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: орман шаруашылығы (орман ресурстары және орман өсіру), ұшқыш-бақылаушы куәлігінің болуы, бейінге сәйкес келетін ұйымдарда басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде бес жыл.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалардан құжаттар қабылдау басталатын күн бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап айқындалады. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалардың құжаттарын қабылдау бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік он бес күн өткеннен кейін аяқталады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

4) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 35- бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттар;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» № 075/е нысаны бойынша анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) ұсына алады.

«Қазақ ормандарды авиациялық қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсету базасы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының орналасқан жері: Алматы қаласы, Керей – Жәнібек хандар көшесі 259, тел.: 8-7272-71-64-86, airbar@list.ru. Кәсіпорын қызметінің мақсаты авиациямен орманды өрттен қорғау, орман зиянкестері мен ауруларынан күзету, орман және аңшылық шаруашылығына қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау болып табылады.

Конкурстың өту күні мен уақыты үміткерлерге ескертіледі. Конкурсқа қатысатын кандидаттармен әңгімелесу онлайн форматта ZOOM қосымшасы арқылы өтеді, конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды тапсыру келесі мекен жайда өтеді: 010000, Астана қаласы, Сол жағалау, Мәңгілік ел даңғылы, 10 үй, Министрліктер үйі, 13 кіреберіс. Анықтама үшін телефон: 8-7172-74-10-97, s.aldazhumanova@ecogeo.gov.kz.

КІТАП САЛТАНАТ ҚҰРҒАН КҮН

Өткен жұмада Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың алдында Kitaptime – 2023 республикалық кітап фестивалі ұйымдастырылып, онда оқырмандар мен авторлар, ақын-жазушылар мен әдебиетқұмар жұрт кітап жәрмеңкесінде қауышып, мәре-сәре болысты.

Наурызбек САРША

Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауы және Ұлттық академиялық кітапхана бастамасымен дәстүрге айналған KitapTime – 2023 фестивалі жалпы республикалық деңгейде екінші рет ұйымдастырылып отыр. Бұл мерекеге ел аумағындағы барлық көпшілік кітапхана түгел атсалысып, тіпті кейбір мектеп кітапханалары да дәл осы күні оқушылар арасында әдеби байқаулар мен түрлі шара өткізіп жатты.

Фестивальдың мақсаты – кітап оқуды кеңінен насихаттау, интеллектуал жастарды ынталандыру, мәдени құндылықтарымызды халыққа жеткізу болатын.

Елордадағы зиялы қауым өкілдерін, ақын-жазушылар мен жай ғана кітапқұмар жандар және көзі қарақты оқырмандарын жинаған Ұлттық академиялық кітапхана руханият мерекесін кітапхананың алаңынан бастап кетті. Кітапхана алаңына «Абай», «Эльдорадо» кітап үйлері , «Пайдалы кітаптар», Kitapal кітап дүкендері, Mazmundama, Qyr balasy, QAZBILIM, Qasym, «Отбасы хрестоматиясы» және басқа да баспалар мен шетел елшіліктерінің баспа өнімдерінен көрмежәрмеңке, сондай-ақ Art-vision қолөнершілер мен суретшілер павильоны, ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Қалалық кітапхана ұйымдастырған bookcrossing кітапқұмарларды маңайына жинай білді.

Фестивальдың ресми ашылуында сөз бастаған Мәдениет және ақпарат министрлігі, Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы Қуат Бораш, Парламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп, жазушы Әлібек Асқар, Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова, тележүргізуші-журналист Дана Нұржігіт, ҚЖО Астана филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы және шетел елшілігінен келген өкілдері кітап оқу мен кітапхана маңыздылығын атап өтіп, жастарға білім көкжиектерін тек кітаппен кеңейтінін жеткізді.

Алаңда «Кел, боямақ бояйық!» атты ұлттық балалар боямақтарын таныстыруға арналған шараны «Қара шаңырақ» ұлттық тәрбие беру жобасының авторы, тарихшы-этнограф Тұрар Сәттарқызы ашып, сөз сөйледі. Сонымен қатар балаларға арналған түрлі қойылым, ертегі кейіпкерлерінен персонаждар, «Балапан саз» Қазақстан композиторларының заманауи балалар әндері антологиясының таныстырылымы, балалар әдебиетінің авторларымен кездесуге жиналған балаларды ғажайып кітап әлеміне жетеледі.

Автографсессия бағдарламасы бойынша жазушы Роза Мұқанова, балалар ақыны Серікбол Хасан, аудармашы Гүлнұр Кәкімжанова оқырмандарымен жылы жүздесті.

Фестиваль аясында арнайы бағдарламамен өткен жазушы-драматург Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына арналған ғылыми-конференция жазушының шығармаларымен қайта қауышқан маңызды шара болды.

Фестивальдың күндізгі шаралар қатарында журналист, телемаман Айгерім Есенәлінің «Сөзің өтімді болсын» атты және медиатренер, мультимедиялық журналист Гүлім Әмірханованың кітап жазудағы тәжірибесімен бөліскен семинар-тренингі қызығушылығы бар топты жандандыра түсті.

«Сәлеметсіз бе, қоңыр күз!» деген атаумен ақындар алаңында Танакөз Толқынқызы, Мақпал Мыса, Рауан Хайролла, Ажар Ерболған, Бауыржан Бабажанұлы, Толқын Қабылша, Ұларбек Дәлейұлы, Назгүл Бердіқожа, Бауыржан Қарағызұлы және өзге де ақындар өлең оқып,астаналық жұртшылықты поэзия нәрімен сусындатты.

READER – жұлдызбен кітапханаға жол» шарасында жаңа оқырмандарға оқырман билетін табыстап, кітапханаға оқырман тарта білген фестиваль қонақтары Дәулет Мұқаев, Нартай Сауданбекұлы, Қуандық Қыстыбаев, Әділ Ахметов, Ернар Жұматаев, Алексей Лодочниковтермен фотоға түсушілердің қарасы көп болды.

Фестиваль кешкісін «Кітапхана түні» атты мәдени бағдарламамен жалғасты. Шара аясында ұйымдастырылған концерттік бағдарламаға Үнді мәдениет орталығы бишілерінің би көрсетіліміне, бизнес-коучингке, Quiz интеллектуалдық алаңына, поэзия кешіне, АНТИКАФЕ Book & Coffee, Астананың түнгі аспанын телескоппен тамашалауға қызығушылық танытқандар көп.

«Келіссөздер» клубының жетекшісі Владимир Романовтың «Управленческие поединки», «Қазақ тілінде көпшілік алдында еркін әрі тартымды сөйлеуді бірге үйренейік» Qazaq toastmasters club жетекшілерінің шеберлік сыныптары, «Харизма» психологиялық бизнес-тренинг тартымды өтті.

AlQa әдеби-мәдени клубының отырысында шараны жүргізген шығыстанушы, ағартушы, «Отбасы хрестоматиясы» жобасының авторы Санжар Керімбей залға сыймай кеткен оқырмандарын өзіне баурап, бүгінгі қоғамды толғандырып жүрген мәселелерді ортаға салып, «Қуыс кеуде» кітабымен жиналғандарды таныстырды.

Кітап мерекесі жас пен ересекті, қызығушылығы әртүрлі оқырмандар тобын, билік өкілі мен қарапайым халықты біріктірген мәдени-рухани шара болды. Фестивальға 5 000-ға таяу халық қатысты. Ұйымдастырылған байқаулар мен жарыстардың жеңімпаздарына, белсене атсалысқан қонақтарға, шабыттанған, басқаны шабыттандырған жас ақындарға кітаптар сыйға беріліп, кітапхана атынан марапаттар табысталды.

Дәл осы күні KitapTime-2023 кітап фестивалі өңірлерде де құлашын жайып, облыс орталықтарында, аудан, ауыл кітапханаларында кітап мерекелері тойланды. Биылғы фестивальдың ерекшелігі ел аумағындағы кітапханалардың барлығы дерлік кітап мерекесін өз деңгейлерінде өткізіп, оларға облыстық мәдениет басқармаларының қолдау білдіргені. Кітап фестивалі аясында 2 000-ға тарта түрлі мәдени шара ұйымдастырылып, оған 50 мыңнан аса халық тартылған.

Адамзаттың құндылығы саналатын кітапты паш ететін, оқырманына табыстайтын кітап фестивалі жылдан-жылға абыройы артып, ауқымы кеңейіп, рухани ортада атаулы мәдени шаралардың бірегейіне айналатынына сенім артамыз.

ТІЛ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТТІ

Алматыдағы Шаңырақ-2 ықшам ауданында орналасқан №26 жалпы білім беретін мектепте «Менің тілім – ұлы дала рухы» атты мерекелік іс-шара өтті.

– Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде Тіл мерекесі аталып өтілуде. Тіл – мемлекетіміздің тірегі. Сондықтан адамзат өз тілін қастерлеп, дәріптеуі парыз деп ойлаймын. Өткізіп отырған шарамыздың мақсаты да сол – оқушыларымызды ана тілімізді құрметтеп, қадірлеуге баулу, олардың тіл байлығын дамыту. Ана тіліміздің өрісі кеңейе берсін, – деді мектеп директоры Ғалия Сейдахметова.

Мекеме басшысының сөзінше, тіл мерекесіне арналған шаралар мектепте жыл сайын ұйымдастырылады. Қазір оқушылардың тіл байлығын арттыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы қолға алынған. Әрбір оқушы бірнеше шығарманы оқуға міндетті. Балалар бір-бірімен жарысып оқиды. Жауапты ұстаздар балалардың талпынысын бағалап, ерекше ізденісімен көзге түскендерді арнайы номинациялармен марапаттап отырады екен.

Кеште Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясы мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері мектеп оқушыларымен бірлесіп қойылым ұсынды. Әсіресе, Өнер академиясы студенттерінің Оралхан Бөкейдің «Қасқыр ұлыған түнде» шығармасы негізінде қойған қойылымы көрерменге ерекше әсер қалдырды. Сондай-ақ мектеп оқушылары Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Шаханов сынды тау тұлғалардың бейнесін сомдап, жырдан шашу шашты. Әрмен қарай кеш кішкентай өнерпаздардың рухты әндерімен жалғасын тапты.

Бүгінде №26 жалпы білім беретін мектепте 3 715 бала білім алады. Жалпы саны 247 мұғалім балаларға сабақ береді. Ал соның ішінде 40 педагог – аталған мерекелік жиынды өткізуге ұйытқы болып отырған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

KIELI TABIGAT ТАЗАЛЫҚҚА ҮНДЕЙДІ

16 қыркүйекте Қарағанды облысында Дүниежүзілік тазалық күніне орайластырылған жаппай сенбілік пен эко-шаралар өтті. Акция табиғатты сақтау мен экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңызына жұртшылықтың назарын аударуға бағытталды.

Қарағанды облысына қарасты Қарқаралы ауданының Жастар ресурстық орталығы белсенділер және еріктілермен бірлесіп Kieli Tabigat бірыңғай республикалық экологиялық акциясы шеңберінде Қарқаралы ұлттық паркінде сенбілік өткізді. Бұл ауданда бірегей табиғат паркі ғана емес, ежелгі тарихтың ізі де сақталған. Осындай сенбілікке қатысу жастар үшін экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар археологиялық ескерткіштермен және киелі орындармен танысуға мүмкіндік береді. Теміртау мектептерінің жас эковолонтерлері «Жосалы» шипажайының маңындағы орман екпелерін қоқыстан тазалады. Бұл жерге демалуға және денсаулықты жақсартуға халық көп келеді. Бірақ, өкінішке қарай, демалушылардан кейін көп қоқыс үйіндісі қалады.

Қыркүйектің әр үшінші сенбісінде аталып өтетін Дүниежүзілік тазалық күні – миллиондаған еріктіні өз қалаларын, ауылдарын қоқыстан тазарту үшін біріктіретін ең үлкен халықаралық қоғамдық акция. Шара 2008 жылдан бері дәстүрге айналған.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4352
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Көктем ҚАРҚЫН